

## ТОҒЫЗ АЙДЫҢ ЕСЕБІ БЕРІЛДІ

Мемлекет басшысы «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарма Төрағасы Ахметжан Есімовті қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» компаниялар тобының 9 айдағы жұмысының қорытындылары туралы есеп берілді.

Ахметжан Есімовтің мәлім-етінше, есептік кезеңдегі таза табыс жоспарланған 167 млрд теңгеден 2,6 есеге асып, 436 млрд теңгеге жеткен. Биыл Үкіметке 120 млрд теңге көлемінде дивидендтер төленген, бұл 2017 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 10 есе артық. Сондай-ақ энергетикалық, мұнай-газ, уран, телекоммуникациялар, пошта және басқа да салалардағы компаниялар тобының барлық кәсіпорындарында үздіксіз жұмыс қамтамасыз етілді. Өндірістегі жұмыс орындары жаппай қысқартуға ұшырамай, персонал толық құрамда сақталды, қызметкерлерге еңбекке уақытылы төленіп отыр.

«Самұрық-Қазына» басшысы Қор сатып алулар жүйесі арқылы ел экономикасын қолдауға қатысты Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау жөніндегі жұмысты жалғастырып жатқанын хабарлады. Биылғы 9 айдың қорытындысы бойынша Қордың сатып алулар жүйесіндегі жергілікті өнім үлесі 66% құрады. Бәсекелестік ортаға 819 млрд теңгеге сатып алулар шығарылған. Бизнесінің 17 000 субъектісі Қордың сатып алуларына қатысуға мүмкіндік алды. 2020 жылдың басынан бері компаниялар тобы 2,4 трлн теңгеге отандық бизнеспен шарттар жасасып, жергілікті кәсіпорындарға 12 мың тапсырыс берілген. Аталған кәсіпорындарда 280 мың адам жұмыс істейді. Есеп бойынша мемлекеттік бюджетке 170 млрд теңге көлемінде салық төлемдері түсуі тиіс.

Сондай-ақ Қазақстан Президентіне Қордың инвестициялық холдингке айналдыру тұжырымдамасы ұсынылды. Басқарма басшысы Ахметжан Есімов Қасым-Жомарт Тоқаевқа инвестициялық холдингке айналдырудың артықшылықтары туралы айтты. Оның сөзінше, бұл активтердің географиясы мен салалары бойынша портфельді әртараптандыруға, инвестициялардың табысын арттыруға, дивидендтердің есебін бюджет түсімдерін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Мемлекет басшысына Жолдаудағы тапсырмаларға сәйкес Қор активтерін жекешелендіру бағдарламасы жалғаса беретіні туралы хабарланды. Бұл ретте, Қор мемлекеттік және жекеменшік мүдделер арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету мақсатында ірі және стратегиялық компаниялардағы өз үлесінің 51 және одан да көп пайызын бақылауды сақтап қалады.

## БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ Басқарма төрағасы Дархан Қыдырәліні қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Егемен Қазақстан» газетінің ағымдағы қызметі туралы егжей-тегжейлі баяндалды.

Дархан Қыдырәлі Президентке коронавирус пандемиясы кезінде қолға алынған жаңа жобалар туралы айтты. Сондай-ақ Мемлекет басшысына Халықаралық Түркі Академиясының биыл атқарылған жұмыстары туралы да мәлімет берілді. Хәкім Абайдың 175 жылдық мерейтойы аясында ұлы ақынның аударылып, жарық көрген шығармалары, әл-Фарабидің 1150 жылдығы аясында өткізілген халықаралық ірі жиындар мен конференциялар, Алтын Ордамың 750 жылдығы аясында жарық көрген жаңа кітаптар жөнінде толық ақпарат берілді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы «Егемен Қазақстан» газетін заманауи талаптарға сай шығарып, Халықаралық Түркі Академиясының жұмысын одан әрі ілгерілету беруді тапсырды.



# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

29 қазан, бейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

№163  
(20039)



2 Жаңашылдық болмысына жол



4 "Жастұлпардың" айбынгері



5 Іскендір, молда немесе оның айтысы хақында



6 Жоғын іздеп жол қараған

● АЛТЫН ДӘН – 2020

## ЕЛ ЫРЫСЫН ТАСЫТҚАН ЕРЛІКТІ АЙТ



Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова онлайн режимде өткен «Алтын дән – 2020» шарасына қатысты. Жиында Қызылорда қаласы мен аудандардан онлайн форматта 300-ге жуық маман көрді.

Әділжан ҮМБЕТ,  
«Сыр бойы»

Қай кезде де ауыл шаруашылығы ел экономикасының жетекші саласы екені белгілі. Сондықтан мемлекет тарапынан жылма-жыл аграрлық саланы дамытуға үлкен қолдау жасалады. Осындай қолдаудың арқасында өңірдің ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуында өз нәтижелер қалыптасты.

– Биыл өңірдегі еңбекшілер көптеген қиындықпен бетпе-бет келді. Пандемияға қоса су тапшылығы мәселесі де туындады. Соған қарамастан диқандар мол өнімге негіз қалады. Күршіттің әр гектарынан орташа есеппен 61,8 центнерден өнім қамбаға құйылды. Еңбекшілер 551 мың тоннадан астам Сыр күрішін жинады. Осылайша кезекті рекордтық көрсеткіш жаңарды, – деді облыс әкімі.

Аграрлық салада 94,4 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,2 процентке артық. Оған қоса ауыл шаруашылығына салынған инвестиция көлемі 1,8, тамақ өнімдерін өндіруге салынған инвестиция 1,6 есеге ұлғайған.

Биыл 184,2 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Айта кетерлігі, жалпы егін көлемі соңғы бес жылда 16 мың гектарға өсіп отыр. Алайда кейінгі жылдары су тапшылығы туындады. Қолдағы мүмкіндік көздерін сарпайт отырып, қысқа мерзімде ауыл шаруашылығы өндірісін, әсіресе, егіншілік саласын әртараптандыру бағыты қолға алынды. Жергілікті диқандар кейінгі бес жылда малазықтық дақылдарды 4 мың гектарға, күріштен басқа дәнді дақылдарды 7,5 мың гектарға арттырды.

Жаңақорған ауданында қызанақ егу басымдық алып, одан томат пастасы өндіріледі. Шіеліде пайдаланылған ағын суды қайта қолдану арқылы жаңбырлату тәсілімен 10 мың гектарға жоңышқа егуге мән беріледі.

Сыр өңірінің аграрлық саласында мал шаруашылығының өз орны бар. Қуанарлығы, аймақта жылма-жыл төрт түлік басы көбейіп, елдегі шаруалардың тыныс-тіршілігінде өзгерістер көрініс беруде.

Бүгінде облыста ірі қара 4,4, жылқы 8,5, түйе 5,3 процентке көбейді. Осының нәтижесінде 26,3 мың тонна ет, 65,2 мың тонна сүт өндірілді. Көрсеткіштерге зер салсақ, ет өндірісі 2,5, сүт өндірісі 2,6 процентке артқан.

– Аймақтың экспорттық әлеуеті артып келе жатқанын айта кетелік. Жергілікті ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері 17 мемлекетке 66,1 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімдерін жөнелтті. Оның жалпы құны – 22,5 млн АҚШ долларын құрайды. Оның ішінде биыл алғаш рет облыс еңбеккерлері Германияға 421,5 тонна қамыс, ал Қытай мен Ауғанстанға 391 тонна мақарсы майын экспортқа шығарды, – деді облыс әкімі.

Облыстың 2023 жылға дейінгі экономикалық даму жоспары аясында ауыл шаруашылығы саласында 58,8 млрд теңгені құрайтын 63 жоба бастау алды. Қазіргі таңда әлеуметтік маңызы бар азықпен қамтамасыз ету мақсатында 45

раптарын қайта қалпына келтіру жұмыстары да жолға қойылғанын атап өтті. Бұл жұмыстар «2020-2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында жүзеге асады. Осының нәтижесінде «Жиделі су қоймасын қайта жаңғырту» жұмысына 450 млн теңге, «Әйтек су торабын қайта жаңғырту» жобасына 700 млн теңге қаржы қаралған.

Жаз маусымындағы су тапшылығын шешу мәселесіне өз деңгейінде назар аударылмақ. «Қараөзек су қоймасы» және Шіелі ауданында қысқы кезеңдегі тасқын суды жинап егістікке пайдаланатын «Күміскеткен» су қоймасы жобасын іске асыру міндеті тұр.

Салтанатты шарада аймақ басшысы ауыл шаруашылығы еңбеккерлерін 27 номинация бойынша марапаттады. Олардың қатарында үздік аудандар мен агроөнеркәсіп саласының озаттары бар. Атап айтқанда, Сырдария ауданынан «Мәди Қажы» серіктестігінің директоры Сейіткамал Сұлтанов пен Қазылы ауданындағы «Рза-Агро» серіктестігінің егіс бригадирі Балғазы Аймағамбетұлы сынды еңбек озаттары бар. Биыл күрші өңдеу зауытын іске қосып, шығарылған 45 мың тонна өнімді ішкі және сыртқы нарыққа шығарған «Абзал және К» серіктестігінің директоры Маржан Ералиевке «Озат өңдеу кәсіпорны» номинациясы табыс етілді. Ал, «Озат ауыл



Осы мақсатта соя, жүгері және бидай егісінің көлемі ұлғайды. Өңірде аквагелді пайдалану арқылы 80 гектарға егілген күздік бидайдың әр гектарынан 18 центнерден өнім алынды. Алда күріш көлемін 80-85 мың гектарға тұрқтандыру жоспарда бар.

Облыс әкімі салтанатты шара барысында ауыл шаруашылығы бағытында негізгі табыс түсіретін секторлардың даму перспективалары жөнінде өкілдерін «Ауыл ауданын ерекшелігіне сай өнім өндіру мәселесіне назар аудару» туралы тақырыптағы сұрау тәсілімен 87 гектар жүгері егу жоспарланған отыр. Ал

инвестициялық жобаны жүзеге асыру басталған. Олардың жалпы құны 14 млрд теңгені құрайды. Оның 9-ы қазіргі өзінде ел игілігіне айналып үлгерді. Алда өңірде қуаттылығы жылына 5 мың тоннаны құрайтын ет комбинаты пайдалануға берілмек. Сондай-ақ, Қармақшы ауданында жылына 1500 тонна құс етін өндіретін фабрика іске қосылады. Шіелі ауданында қуаттылығы 24 тонналық сүт фермасы және ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге бағытталған басқа да жобалар жүзеге асады.

Облыс басшысы аймақта ауыл шаруашылығына қажетті су то-

шаруашылығы кооперативі» аталымы бойынша Шіелі ауданынан «Шіелі төрт түлігі» кооперативінің жетекшісі Сабыр Ермаханов үздік атанды. Жиында «Озат комбайншы» номинациясы Жалағаш ауданынан келген «Таң ЛТД» ЖШС комбайншысы Талғат Табынұлыға бұйырды.

Елеулі еңбектері үшін сала ардагерлеріне Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» және «Еңбек ардагері» төсбелгісі табысталды.

(Ел ырысын тасытқан озаттар тізімі 3-бетте жарияланып отыр).

## ПАНДЕМИЯ ЦИФРЛАНДЫРУ ҚАРҚЫНЫН КҮШЕЙТТІ

Онлайнның оңтайлы тұсы кеше індет өршіген тұста байқалды. Сандық технологияға көшу бағытындағы бастамаларда кей кемшілік орын алғанымен, ол көп көмегін тигізді. Осылайша, біз ғаламторды күнделікті өмірге ақырын енгізгенімізді аңғарттық. «Назарбаев моделі – Қазақстанның ХХІ ғасыр сын-қатерлеріне стратегиялық жауабы» атты жас ғалымдардың халықаралық форумы аясында өңірде «Пандемия уақытындағы цифрландыру: жаңа талаптар мен үрдістер» тақырыбында интернет форум өтіп, мұнда осы мәселелер қамтылды.

Мәдір ҚАЛЫМБЕТ,  
«Сыр бойы»

Форумға PhD докторы, ақпараттық технологиялар орталығының директоры Сәбит Ибадулла, Нұрсұлтан Назарбаев қоры жанындағы ғылым жөніндегі кеңес төрағасының орынбасары Сухраб Жапаров, облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Юлия Тремасова, Сингапур ұлттық университеті халықаралық бағдарламалық жүйесі ғылымдар институтының басшысы Ашок Кумар, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ облысы бойынша филиалының директоры Айдын Қайруллаев, облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Бердіұлы және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры, филология ғылымдарының кандидаты Бейбітқұл Қариева қатысты. Жиында облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Юлия Тремасова облыстағы мемлекеттік қызмет көрсетудің онлайн форматы, қашықтан оқуды ұйымдастыру және интернет сапасы, індеттің таралуын тежеу бойынша қабылданған цифрлық шешімдерді ортаға салды.

– Облыс әкімдігі коронавируске қатысты жедел әрі нақты ақпарат тарату мақсатында 400-100.kz ресми сайтына іске қосты. Онда облыс аумағындағы күнделікті статистика, аудандар бөлінісіндегі деректер, брифингтер, нормативтік-құқықтық актілер, жедел желі телефондары мен жалпақтар қамтылған.

3-бет

● COVID-19: МАМАН МІНБЕРІ

## ЖАЗДАҒЫ ЖАҒДАЙДАН САБАҚ АЛУЫМЫЗ КЕРЕК

Бүгінде пандемияның екінші толқынына қатысты түрлі болжамдар айтылуда. Кейбір шетелдік сарапшылар екінші толқын ауқымдырақ болады дегенді айтып жүр. Десе де, белгіленген шектеу шараларын бұзбай және жеке сақтық шараларын ұстансақ, тұрғындарды індеттен қорғауға болады. Бетперде тағу, әлеуметтік қашықтықты сақтау, адамдар көп жиналатын жерлерге бармау, түрлі отбасылық іс-шаралардан бас тарту – аурудан аулақ болудың бірден-бір жолы. Өкінішке қарай, карантин талабы сал бәсеңдегені сол елі, жұрт жаппай той тойлауға көшті. Бұл, әсіресе, егде жастағы азаматтар үшін аса қауіпті екенін ұмытпауымыз керек. Қарттар мен балаларды барынша қорғауға тиіспіз.

Облыста орын алған жаздағы күрделі жағдайдан сабақ алуымыз керек. Маусым-шілде айлары тұрғындар үшін де, медицина қызметкерлері үшін де ауыр болды. Бұл уақытта 103 қызметіне шалынған қонақуар саны 2,5-3 есеге дейін көбейіп, тәулігіне 2500-ге дейін қонақуар түскен болатын.

Жалпы пандемия басталғалы облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы қауырт жағдайда жұмыс істеді. Облыс бойынша 49 жедел жәрдем тобы болса, оның 18-і дәрігерлік, 31-і фельдшерлік топ. Мамандарымыз басқа, қолғап, обаға қарсы біртөттік костюм секілді жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілді. Көпестер кесте 12 қызметкеріміз індет жұқтырып, екеуі қайтыс болса, пневмониямен ауырған 60 қызметкердің біреуі көз жұмды. Қайтыс болған қызметкерлерге 10 млн теңге көлемінде әлеуметтік төлем төленіп, отбасыларына Қазақстан медицина қызметкерлері ассоциациясының «Мейірім» төсбелгісі табысталды. Осындай қайғылы жағдайлардан біз аталған індеттің ешкімді аямайтын бақылақ. Сондықтан тұрғындарды ауруға бейжай қарамай, сақтық шараларына, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға шақырамыз.

Ғалия НҮРСЕЙТОВА,  
облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы бас дәрігерінің медицина ісі жөніндегі орынбасары



● БОРЫШ

## "БІЗДІҢ ЖІГІТТЕР ӘСКЕРГЕ ӨЗДЕРІ СҰРАНАДЫ"

Алтын күзді күткен дүйім жұрттың алды баласын әскерге шығарып салып жатыр. Әскер демекші, биыл күзгі шақырылымда облыс бойынша жалпы саны 800 бала Отан алдындағы борышын өтеп қайтпаққа аттанады екен. Бүгінде төрттен бір бөлігі сарбаз боп сапта тұр. Соңғы кезде сарбаздарға айтылар сын көбейді. Өңірдегі сала қызметкерлерімен жолығып, өзара пікір алмасқанда осы құрылым туралы көптеген сұрағымызға жауап алдық.

Дәулет ҚЫРДАН,  
«Сыр бойы»

Бізге әскери-техникалық мектеп бар. Біреу білер, біреу білмес. Десе де білетіндерге қа-

рағанда білмейтіндер жетіп артылады. Алаш арысы Мұстафа Шоқай атындағы көшеден көрген

боларсыз, бұрынғы ДОСААФ, қазіргі әскери-техникалық мектеп. Мұнда Ауған соғысының ардагері Қайырдин Баймаханов ұстаздық етеді. Шәкірттерді шыңға шығарып, білікке бағыттайды. Бір қызығы, мұнда облыстық Қорғаныс істері жөніндегі департаменттің бағытымен 18 жасқа толмаған жастар келеді. Оларды әскери өмірдің алғышарттарына баулып, мамандандырады. Қолдарына құжат ұстағандар солаймен әскерге аттанады.

– Бізде жұрт айтатын «дедовщина» жоқ. Мен оларға тәптіштеп

түсіндіремін. Ата-бабамыз қасық қаны қалғанша жаумен шайқасып, Қазақ хандығын құрды. Кешегі екінші дүниежүзілік соғыста ерлік көрсеткен қаһармандарымыз жеңіс сыйлады. Ауған соғысында да майдангерлеріміз ұлттық рухты көтеріп қайтты. Қазір – бейбіт өмір. Біз сол бағырларға қарыздармыз. Әрбір адамның кеудесінде аманат деген ұғым болу керек. Отан атадан – әкеге, әкеден балаға аманат болып қалады. Енді сендердің кезектерің.

6-бет



## ● СЕССИЯ

## НАҚТЫЛАНҒАН ҚАРЖЫ БАСЫМ БАҒЫТТАРҒА ЖҰМСАЛАДЫ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен облыстық мәслихаттың кезектен тыс 49-сессиясы өтті. Күн тәртібінде төрт мәселе, атап айтқанда, «2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы», «2016-2020 жылдарға арналған облыстық даму бағдарламасын бекіту туралы», «Қызылорда облысының басқару схемасын бекіту» және «Облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы» шешімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жайы қаралды. Алғаш болып сөз алған облыс әкімі сессияда нақтыланатын қаржының маңыздылығына тоқталды.

**Сп** Айнұр БАТТАЛОВА,  
«Сыр бойы»

— 2020 жылға арналған облыстық бюджет 268 млрд теңге көлемінде бекітіліп, жыл ішінде төрт рет нақтыланды. Нәтижесінде облыстық бюджет көлемі 302,7 млрд теңгені құрады. Бүгін тағы да бюджетті нақтылайтын боламыз. Сессияға 2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджетті барлығы 5,9 млрд теңге нақтылау ұсынылып отыр. Үнемделген, пайдаланылмаған қаржылар есебінен қысқартылып, қайта өңдеу жоспарлануда. Өздеріңізге белгілі, өткен аптада Мемлекет басшысының қабылдауында болып, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері туралы есеп бердім. Президент қайта өңдеу өнеркәсібіндегі өсімді жақсарту, шағын және орта бизнеске қолдау көрсету, экономикалық жобаларды әртартпандыру қажеттігіне байланысты бірқатар тапсырмалар берді. Сондай-ақ, өңірдегі эпидемиологиялық ахуалды қатаң бақылауда ұстауды тапсырды. Бүгінгі сессияға ұсынылған қаржыны Мемлекет басшысының және Үкімет тапсырмасын орындаудағы әлеуметтік маңызды әрі кезек күттірмейтін басым бағыттардағы шығындарға жұмсау көзделуде, — деді облыс әкімі.

Сонымен бірге аймақ басшысы облыс бюджеті өзінің әлеуметтік бағыт-бағдарын сақтап қалатынын айтты. Осы жолғы нақтылауда әлеуметтік салаға 930 млн теңге көлемінде қаржы бағытталды.

Денсаулық сақтау, білім, спорт және мәдениет саласындағы жұмыстар басым бағыттар сапында қала бермек.

— Бірінші, жалпы білім беретін мектептерде 2020-2021 оқу жылында сынып кешенін ұлғайтуға 428,4 млн теңге, техникалық және кәсіптік колледж мұғалімдерінің еңбекақысын ұлғайтуға және коммуналдық шығындарын өтеуге 134,2 млн теңге, екінші, денсаулық сақтау саласына 166,1 млн теңге қаржы қаралуда. Ол денсаулық сақтау мекемелерін ағымдағы жөндеуге, ауылдық жерлерде жұмыс істейтін дәрігерлер санын көбейтуге, маусымдық жылу науқанына дайындық жұмысын жүргізуге, медициналық жабдықтар сатып алуға жұмсалады. Өздеріңізге белгілі, республикада пандемияның екінші толқынына дайындық жасалуда. Осыған орай өңірде дәрі-дәрмек қорын қалыптастыруға 488 млн теңге көлемінде қаржы бөлінуде, — деп облыс әкімі басқа да бірқатар нақтыланған бағыттарды атап өтті.

Сессияда күн тәртібіне ұсынылған мәселелер бойынша облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай, облыс әкімінің аппарат басшысы Ерлан Райғанов және облыстық мәслихат хатшысы Қылышбай Бисенов хабарлама жасады. Депутаттар тарапынан сала мамандарына сұрақтар қойылып, ұсыныстар айтылды, тиісті шешімдер қабылданды.

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының 2020 жылғы 22 қазандағы №ОСК-62/130 қаулысымен Қызылорда облысының аумағы шекарасында Қызылорда облыстық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау округі құрылды.

Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: 120000, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 1-ғимарат («Облыстық басқармалар үйінің» ғимараты), Б-блогы, 3-қабат, №337, 338 бөлмелері, телефон/факс: (87242) 60-54-36, 60-55-78, 60-54-34; e-mail: sailauqzl@mail.kz

### Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамы:

| Тегі, аты, әкесінің аты          | Комиссиядағы лауазымы | Қай ұйымнан ұсынылған                                                  | Қызылорда облыстық мәслихатының сессиялық шешімінің нөмірі мен күні |
|----------------------------------|-----------------------|------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------|
| Баймырзаев Ғалым Қонақбайұлы     | төраға                | «Асыл Мұра-Орда» қоғамдық қоры                                         | 2020 жылғы 16 маусымдағы №450                                       |
| Наурызбаев Қожамжар              | төрағаның орынбасары  | «Ақжол» Қазақстанның Демократиялық партиясы» қоғамдық бірлестігі       | 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290                                       |
| Сырлыбаева Аяғөз Мұратбекқызы    | хатшы                 | «Қазақстан Коммунистік Халық партиясы» қоғамдық бірлестігі             | 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290                                       |
| Ерсұлтанов Әділбек Бөрібайұлы    | комиссия мүшесі       | «Nur Otan» партиясы» қоғамдық бірлестігі                               | 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290                                       |
| Турабаев Еркін Ермағамбетұлы     | комиссия мүшесі       | «Туған жер» қоғамдық қозғалысы қауымдастығы                            | 2020 жылғы 16 маусымдағы №450                                       |
| Тарбаков Хамит Мұратұлы          | комиссия мүшесі       | «Бірлігі» саяси партиясы» қоғамдық бірлестігі                          | 2020 жылғы 28 қазандағы № 520                                       |
| Сүйіндіков Жәнібек Әбдісаттарұлы | комиссия мүшесі       | «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» қоғамдық бірлестігі | 2020 жылғы 28 қазандағы № 520                                       |

Қызылорда қалалық және аудандық сайлау комиссияларының құрамы туралы мәліметтер облыстық сайлау комиссиясының интернет-парақшасында орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda/activities/directions?lang=kk>.

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: 120000, Қызылорда қаласы, Жақаев көшесі, 16, телефон/факс: (87242) 27-12-45; e-mail: sailaugor@mail.kz

Арал аудандық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: 120100, Арал ауданы, Арал қаласы, Бактыбай батыр көшесі № 27, телефон/факс: (872433) 2-23-13; e-mail: aral-saylau@mail.kz

Қазалы аудандық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: 120400, Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті, Өйтеке би көшесі, 60 (Қазалы ауданының білім бөлімі КММ ғимараты), телефон/факс: (872432) 2-13-01, 2-21-27; e-mail: kazalisaikom@mail.kz

Қармакшы аудандық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: 120500, Қармакшы ауданы, Жосалы кенті, С.Ізтілеуов көшесі, 3 (Аудандық мәдениет үйінің ғимараты, 2-қабат), телефон/факс: (872437)

2-12-37; e-mail: karmakshy\_sailaukom@mail.kz

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: 120400, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі № 32 (Жалағаш ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының ғимараты, 2-қабат), телефон/факс: (872431) 31-7-19, 32-4-45 e-mail: jalsay2019@mail.kz

Сырдария аудандық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: 120600, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Д.Қонаев көшесі, №9А, телефон/факс: (872436)21-1-60, e-mail: sailau\_syrdaya\_qzl@mail.kz

Шиели аудандық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: 120700, Шиели ауданы, Шиели кенті, Тұрар Рысқұлов көшесі, №3 (Бұдалбай Қабылұлы атындағы аудандық мәдениет үйінің ғимараты, 1-қабат), телефон/факс: 8(72432) 4-32-30, 4-30-58; e-mail: Shieli\_sailau@mail.kz

Жанақорған аудандық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: 120300, Жанақорған ауданы, Жанақорған кенті, М. Кеңенов көшесі № 35, тел/факс. 8 (72435) 21-3-47, e-mail: tic\_kzl\_zhn@saylau.kz

Бүгінде әлемді жайлаған COVID-19 пандемиясы елімізді де өз құрсауына алды. Төтенше жағдай кезеңінде экономикалық және әлеуметтік өмірде орын алған түйткілді мәселелерді жаңаша пайымдау, уақыт талабына сай қайта бейімдеу қажеттілігі айқын көрініп отыр. Әлемнің даму векторы бұлыңғыр күйінде. Осы ретте, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясы 75-сессиясының жалпысаяси дебаттарында сөйлеген сөзінде «Бүгінде бүкіл әлем аумалы-төкпелі оқиғалардың жаңа толқынының алдында тұр. Оның салдары өте ауыр болуы мүмкін. Өзара сенімнің жетіспеуі, халықаралық бәсекелестіктегі түсініспеушілік, сауда соғыстары мен санкциялар орнықты дамудың келешегіне нұқсан келтіріп, миллиардтаған адамның жарқын әлемге деген үмітін үзді», — деп бүгінгі күннің үрейін нақты бағамдап берді.

**Серік АХМЕТ,**  
облыс әкімінің орынбасары

Кез келген дағдарыс — дамудың жаңа мүмкіндігі екенін ескерсек, Мемлекет басшысының «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауы көпшіліктің көкейінде жүрген «болашақ дамуымыздың бағдары қандай болмақ» деген сауалдарға толық жауап ұсынған, негізгі бағыттар мен нақты іс-қимылдар көрсетілген құжат болып отыр. Жолдауда қазақстандық қоғамның эволюциялық өзгеру бағыты, коронакризисті еңсеру жолдары, ғаламдық трендтердің ақ-қарасын ажырату мәселелері көтерілген. Сонымен қатар, «Тыңдайтын мемлекет» тұжырымдамасының жалғасы ретінде қоғамның түйткілді мәселелерін шешуге бағытталды. Жалпы, «Тыңдайтын мемлекет» экономика ғылымынан алынған «сервистік мемлекет» қағидасына саяды. Яғни халықтың сұранысы мен мұқтажына деген жауапкершілік дегенді білдіреді. Тұжырымдаманы жүзеге асыру өткен ғасырдың 90-жылдары Ұлыбританияда басталып, әлемнің озық елдерінде тәжірибеге алынды. Бұл бағыттағы жұмыстар еліміздің қоғамдық-саяси өміріне де барынша кеңінен енгізілуде.

Жолдау он бір базалық тұғырға негізделіп, «Қазақстанның жаңа әлемде өзінің лайықты орнын алуына» бағытталған. Ал бүгінгі Қазақстанның стратегиялық мақсаты Тұңғыш Президентіміз — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев белгілеп бергеніндей әлемнің бәсекесіге қабілетті, ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылу.

Қазіргі әлемдік жаһандану мен бәсекелестік уақытында халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру арқылы тұтас ұлт сапасын арттыру қажеттілігі күн санап артып келеді. Ол үшін күнделікті өмірлік ұстанымдарымызды өзгертуіміз керек және ескіліктерн арыла отырып, уақыт талабына сай «жаңа қағидағтар мен жаңа бағдарлар салтанат құруы тиіс». Бұл ретте ең алдымен тұтастай халықтың және әрбір жеке адамның қасиеті бірінші орынға шығатыны даусыз. Егерде, адам баласының түпкі мақсаты — дүниені және өзін-өзі тұру деп білсек, міндеті — өзі және басқалар үшін игіліктер жасау болуы керек.

Жалпы, адам болмысының қыр-сырын ашып, кемел адамды қалыптастыру мәселесі ұлы ойшылдарды ерте замандарда-ақ толғандырып, философиялық ой-дамудың негізіне айналды. Конфуций адамды үш түрге бөліп қарастырды. «Дана адам — асып тастайды, Жақсы адам — күй тағмайды, Батыл адам — қорықпайды», — дейді.

Батыс әлемінде адам туралы ең алғашқы мәдени-антропологиялық ой бастауында философия атасы Сократ тұр. Ол адамдар бойындағы ең жақсы қиындықтарды, моральдық ұғымдар және мінез-құлық тұлғаларын салыстырмалылық тұрғысынан өлшейді.

Ұлы дала төрінде де сан ғасырлар бойы «кел-мел адам», «толық адам» болмысын ашу, оның негіздеріне үнілу, уақытына сай жетілдіріп отыру үрдісі жүрген. Әлемнің екінші ұстазы, ғұлама Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында «Кемел адам» бойында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» болуы керек дейді. Осы ұғымдарға түсінік бере келіп, жүрекке шешуші мән береді. Данышпан Абай да «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толлық боласың елден бөлек» деп алағма нұрлы ақыл мен шытық қайраттың, жылы жүректің маңыздылығын айтып Әл-Фараби ілімін жалғай түседі.

«Нағыз қазақтың жаңа кейпі» бұл Ұлы дала елінде қалыптасқан тарихи дәстүрлердің ХХІ ғасырға лайықталып қайта жанғыруында. Яғни, ұлттың жаңа болмысы дегенде тек салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды ғана емес, сонымен бірге ұлттық мінез-құлықты, адамгершілік қағидаларына айналған моральдік принциптері, тағылымды тәрбие ұстындарын, даналықты, адамгершілікті, ізгілікті насихаттайтын сан ғасырлық мұраларымызды айтамыз. Осы құндылықтарымызды көздің қарашығындай қорғап, жаңа мазмұнда көлге асырған жағдайда ғана ұлттың жаңа болмысын қалыптастыра аламыз.

Осы орайда, Жолдаудың «Ұлттың жаңа болмысы» атты ХІ тұжырымдамасында жоғарыда келтірілген көкейтесті мәселелерге жауап беретін және бүгінгі күннің үдесінен шығатын алты негізгі қағида көрсетілді. Олар: білім, адал еңбек, кәсіби дағды, тәртіп пен жауапкершілік, әділдік және адалдық.

Алаштың анасына балаңған, көнеңің көзі, мәдени мұралардың асыл көмбесі, бай тарихты қойнауына бүккен, талай тарланды қанаттандырған қасиеті аймақ қашанда ой-дамуың, ерлік пен өрліктің алғы шебінде болып, замана сұраныстарына нық әрі толық жауап беріп отырған. Бүгінде Сыр өңірі дегенде көпшілік Кеңестік Қазақстанның алғашқы астаналарының бірі Қызылорданы, ақ маржаны — күрішпін, «Сыр елі — жыр елі» еске алады.

Алайда Қызылорда облысы шежірелі тарихы арқылы Орта Азия мен Еуразия өркениетіндегі өзіндік орнымен ерекшеленеді. Осы орайда, тұтас тұрп. дүниесінің абызы — Қорқыт атаны, тарлан тарихымыздың бедерлі белестерінде астаналар болған Шірік-Рабатты, Жанкент пен Сығанақты,



адамзат баласын алғаш ғарышқа самғатқан Жер кіндігі — Байқоңырды айтса да жеткілікті.

Сыр бойы жоңғар хандығы, Ресей патшалығы мен Орта Азия хандықтарының өз ықпалын жүргізуі үшін күрес аренасына айналып, отарлық езгіге түссе де, жұрттың ұлттық болмысы мен бітімі бұзылмады. Тоталитарлық кезеңнің сорақы саясатына қарамастан өңір халқы ұлттық дәстүрін, тілі мен ділін табиғи қалпында сақтап қала алды. «Сыр — Алаштың анасы» сөзінің тағы бір салмақты себебі осы болса керек.

Қазіргі таңда Сыр өңірінің алдында тағы бір сындарлы сәт тұр. Ол Мемлекет басшысының Жолдауындағы ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруда осы күннің шақыруларын тұрғысынан жауап беру. Оған қазақтың иісі аңқыған, ұлттық болмысы-нышаны қалыптасып, бүгінде қайта түлеп жатқан аймақтың толық зияткерлік әлеуеті жетеді.

Ұлт тағдырын ұрпақ шешетін уақытта халқымыздың «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген сөзінің мазмұны арта түседі. Бұл дала халқының әлімсақтан білімге, ғылымға, жаналыққа деген құштарлығын көрсетсе керек. ХХІ ғасырдың биігінен бағамдасқа бәсекесіге қабілетті маман, озық ойлы азамат болу үшін үздіксіз білімнің алар орны орасан зор. Бүгінде өз бетінше әрекет ете алатын, болашағына жауапкершілікпен қарайтын, шығармашыл, жеке дамуын құндылық ретінде түсінетін, үздіксіз білім алуға ұмтылған адамдар ғана табысты болып отырғанын көруге болады. Қазіргі таңда Финляндия бастаған скандинав елдерінде және басқа да мемлекеттерде үздіксіз білім алып отыру дағдыға айналған. Мұны біз озық елдердің дамуынан бағамдай аламыз.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарынан елімізде үздіксіз және сатылы білім беру жүйесі жолға қойылып келеді. Нарықтық экономика мен бәсекелестік ортаға түскен білім саласында көзге көрінер жетістіктер мен қатар кемшіліктер де жоқ емес. Алайда кемшіліктерді жою, оларға жол бермеу бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің қатарынан саналады.

Қазіргі таңда облыс бойынша мектепке дейінгі балалардың барлығы балабақшамен қамтылып отыр. Бірінші сыныпқа 19 мыңға жуық бала қабылданып, 293 мектепте 170 мыңнан астам оқушы білім алады.

Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесін тарату мақсатында инновациялық мектептер желісі құрылуда. Оларда жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер тереңдетіліп оқытылып, нақты ғылым салаларына ерекше көңіл бөлінуде.

150 мектепте химия, биология, информатика, физика пәндерінің элементтері пилоттық негізде ағылшын тілінде оқытылуда. Онымен қоса, балалар мен жасөспірімдердің техникалық бағыттағы білімін дамыту, білім сапасын арттыру, шығармашылық белсенділігін, ойлау қабілетін күшейту мақсатында жүз жиырмадан астам мектепте робототехника және «3Д-модельдеу» кабинеттері жұмыс жасайды.

Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға жергілікті бюджеттен биыл 3108 орын, «Еңбек» бағдарламасы бойынша 1515 орын бөлінді.

Педагог мамандықтарының мәртебесін көтеру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижесінде мұғалім болуға ынтасы бар оқушылар саны көбейді. Жалпы, биыл мыңын үстіндегі бала педагог мамандығын таңдады. Олардың 980-нен астамы мемлекеттік грант негізінде басқа, қалғандары облыс әкімі грантының негелері атанды.

Аталған жұмыстар бүгінгі жастардың біліміне қуылған инвестиция екенін ескерсек, оның еліміздің болашақ дамуына салынған ұзақ мерзімді капитал деп қабылдауымыз керек. Себебі білімді жастың, мықты кәсіби маманның, өңіріміз бен еліміздің дамуына қосар үлесі зор.

Уақыт қанша жүйрік болып, технологиялық уақыттар ауысып отырғанымен, адамның еңбегі ешқашан жоққа шықпайды. Тек технологияны заманына сай игеріп отыру, білімді үздіксіз жетілдіріп отыру ғана керек. Адамзат баласының түрлі даму сатыларына үңіліп қарасақ, өмір сүру мен табысты болу үшін қажырлы еңбек етіп келгенін көреміз. «Еңбек етсең ерінбей, төтіңді қарның тіленбей» деген дана халқымызда керемет сөзі — соның дәлелі.

Данышпан Абай жалқаулықтың әлеуметтік зияндылығымен қатар, адамды рухани жағынан да аздыратыны туралы үшінші сөзінде: «Әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз, қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз, надан, арсыз келеді; әрбір арсыз, жалқаулан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» — деп, әлгі адамның басында кездесетін кертартпа, келенсіз сипаттарын ашып көрсетті. Керісінше, «Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел, Малын болса сыйламай тұра алмас ел. Қаруының басында қайрат қылмай, Қанғып өткен өмірдің бәрі де — жел...» — деп еңбек етуге, мал табуға, тіршілік қылуға шақырған.

Жалпы қазақ халқы — табиғатынан еңбексүйгіш. Жаны таза, ниеті адал қазақ арам жолмен табылған

нанды дастарқанына қоймаған. Шүкірлік етіп, қанағат қылған. «Бейнет түбі — зейнет» деп түсінген халқымыз адал еңбекпен келген несібенін, еңбектің рақатын сезінген. Себебі ауа-райы сан құбылған, табиғаты әр қилы кең даланы өмірі мен кәсібіне бейімдеу үшін бабаларымыз бел шешпей еңбектенген. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, қилы қиындықтарға төзіп, шөл даладан құдық қазып, қысы-жазы еңбек еткен. Дала қазағы үшін төрт түлікті күтіп-бағып, мал басын арттыру, киіз үйдің жасау-жабдығын әзірлеу, ал қала қазағы үшін қала соғу, диқаншылықпен айналысу, бау-бақша салу, т.б. секілді еңбек түрлері таңсық болмаған. Мәселен, Ұлы Жібек жолының өн бойында орналасқан Сырды бабаларымыз ерте заманнан қоныстанып зәулім қалалар салып, егіншілікпен айналысып, Қорқыт ата, Хусам ал-Динас-Сығнаки секілді ұлы ойшылдарды дүниеге әкеліп, рухани мол мұра қалыптастырды, әлемдік өркениеттің өзіндік «ойкумені» дәрежесіне жеткізді. Дала төрінде ұрпақтар ауысқанымен, жасампаз халықтың асыл құндылықтары еш ұмытылмайды.

XX ғасырда қалыптасқан тұтынушылық пифыл қоғамда масылдық психологияны қалыптастырғаны белгілі. «Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүруді әдетке айналдырып, табысқа да, құрметке де жеткісіз келетіндер қарасы көбейді. «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты құжатта Елбасы: «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясы көз жетпейтін көкжиекте ойлап табылмаған. Бұл — практикалық, прагматикалық идея. Ол маған тіпті етене жақын, өйткені, мен, қазақстандықтар жақсы білетіндей, өзімнің кәсіби жолымды «ақ саусақтар» секілді кабинетте де, паркетте де емес, жұмысшы-металлург болып бастадым», — дейді. Бұл еңбекке, еңбек адамына деген құрметті қалыптастырудың негізгі болуы керек.

XXI ғасыр — цифрландыру, IT, био және нанотехнология мен жасанды интеллект заманы. IT саланың дамуымен нарыққа 3Д принтер, жасанды интеллект, роботизация, мобильді банкінг сынды салалар алдыңғы орындарға шықты. Бүгінде әлемдік экономиканың 25 пайызын цифрлы экономика құрап, дамыған мемлекеттердің 75 пайыздан жоғары кірісін интелектуалдық еңбектен түсетін қаржы алады екен. Олардың көп басында шығыста Оңтүстік Корея, Сингапур, Жапония тұрса, батыста АҚШ, Германия, Швеция және т.б. елдер.

Келешектің табыс жолы саналатын цифрлы мемлекеттің жасанды интеллект дәуірі, яғни — төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында жұмыскерлердің білімдері мен біліктіліктеріне қойылатын талаптарды күшейте түседі. Яғни әлемнің үздіксіз даму үдерісі, бәсекелестік уақыты әрбір маманның жоғары кәсіби дағдысын қажет етеді. Мұндағы кәсіби дағды қызметкердің өз бетімен мәселені шеше білу қабілеті, оның берілген нұсқауларға жалтақтамай, өзіндік тәжірибесіне сүйеніп отырып, кез келген қиын жағдайлардан жол табу алуымен байланысты. Ол үшін әрбір мамандық иесі өз білімін жетілдіруі, ұдайы ізденістің болуы шарт.

Қазіргі таңда уақыт адамнан прогрессивті ойлай алатын белсенді әрекетті, жан-жақты болуды талап етеді. Өйткені адамның қоғамдағы алатын орны, атқаратын қызметі сол қоғамның дамуымен тікелей байланысты. Мәселен, бүгінде Microsoft, Apple секілді және т.б. әлемдік деңгейдегі корпорацияларда «орындаушы» маманнан гөрі, өздігінен талдау жасай алатын және жоспарлай алуы білетін, бизнес-мақсаттарға қол жеткізу үшін компанияға көмектесетін, инновациялық шешімдер енгізетін қызметкерді қабылдайды. Бұл — бүгінгі күннің өмір шындығы. Себебі өзінің кәсіби дағдысын сәт сайын жетілдіріп отырмаған маман, белгілі бір сәтте осалдық танытып, дамудың тежеуші күші болатыны жасырын емес.

Жаһандық бәсекелестік орын алып отырған бүгінгі таңда әрбір жерлесіміздің, маманның кәсіби біліктілігі ерекше орын ағылады. Өйткені еліміздің ХХІ ғасырдағы өлеуі кәсіби мамандармен жаңа ізденістердің нәтижесінде ғана іске асады.

Дана халқымызда «тәртіпке бас иген құл болмайды», «ұлық болсаң, кішік бол» деген ойлы, орамды сөздер бар. Бұл ықпалы заманнан дала халқын тәртіп пен жауапкершілікке, әділдік пен адалдыққа үндеп келеді. Үшінші мыңжылдықта бұл сөздердің салмағы артпаса, бір сәт те төмендеме емес.

Данышпан көсемдеріміз, би және батыр бабаларымыз, ХХ ғасырдың басында өмір сүрген Алаш







РУХАНИ  
ЖАҒЫРУ

Кешегі біз көзбен көрген, қатарласа, нықтаса өмір сүрген, жосықсыз репрессияларды тоқтаусыз ұйымдастырып отырған кеңестік тоталитарлық дәуірде де басын имеген, ұлттық айырой-намыстан таймаған арыстандай айбатты азаматтарымыз бен жолбарыстай қайратты қаһарман тұлғаларымыздың ұлы да ұлағатты істері бүгінде жас ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде ұсынып отыруымыздың арқашан керектігі айдан анық. Дүниені тітіркендіріп отырған темір құрсауды, жабық қоғамда көктеміде қасат қар астында гүлдеген бөйшепектей азаттық анаған арда ұлдар жер-жерден үн қатып, жандарын шүберекке түйіп, батыл әрекет еткен.

Өткен тарихқа бір көз тастайық. 1961 жылы КОКП-ның XXII съезі болды. Сталиндік тоталитарлық кезеңнен кейін «жылымық» басталып кеткен. Қорқыныш пен үрейден арылғандай болған ел еңсесі аз да болса көтеріліп қалған аталған съезде «коммунизмге өту жолы» жария етілді. Жиырма жыл белгіленіп, әуелгі он жыл «коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға» арналды. Осы кезеңдегі «жылымыққа» байланысты КСРО көлемінде демократиялық болашақты мақсат тұтқан қоғалыстармен бірге қазақ жерінде де жаңа серпілістер болды. 50-жылдардың аяғы мен 60-жылдардың басында ерте «оянып», құпия да, жария да жер-жерде қызмет еткен «Жас тұлпар», «СЕСП» («Елің сүйген ерлер партиясы»), «Жас қазақ», «Тың тұлпары», «Жас ұлан» атты жастар қоғалыстарының қоғамдық ұйым ретінде атқарған іс-шаралары бүгінгі халқымыз көл жеткізген ел тәуелсіздігінің бір-бір уығына айналғанын ел-жұрт жақсы біледі.


Осы қоғамдық ұйымдардың ішінде халқымызға да, елімізге де бүгінде тарихы танымал болғаны – алып елдің астанасы Мәскеуде қазактың өрмідей жас студент жастары құрған «Жас тұлпар» ұйымы. Ол 1962-1967 жылдары әрекет еткен. Бұл ұйымның жетекшісі, қазіргі қазақ қоғамына аты мәлім мәдениеттанушы, өнертанушы азамат Мұрат Өуезов болатын. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Омарханұлы Өуезовтің алтынның сынығындай бел-баласы. Мұхтардың да өзі уақытында ұлттық мемлекет болуды көкөген Алашорданың ең жас көжәлдарының қатарында болғаны белгілі. Тектен келген, қанмен жеткен азаттық идеясы Мұраттың да осындай ұлы мұрат жолындағы қимылдарға баруына септігі болған шығар. Кейін Алашқа есімі танымал болған Мақаш Тәтімов, Сәбетқазы Ақатай, Болатқан Тайжанов, Әлібек Байсалов, Марат Балтабаев, Өсәттар Дербісәлі, Мұрат Ғыланов, Мұрат Айтқожин, Болат Қарақұлов, Тимур Сүлейменов, Шайсұлтан Шаяхметов, Асқар Нұғманов секілді Мәскеудің жоғары оқу орындарының студенттері мен аспиранттары ұлы бастаманы іліп алып, асқатқа көтеріп кеткен, алғашуыс қызмет еткен.

Ел болу мұратын қоғамда көтеріп, баламалы идеялар таратқан «Жас тұлпар» ұйымы Қазақстандағы қазақ тілінің тағдырымен қатар, Қазақстаннан тыс жердегі қазақтар (КСРО территориясындағы) тұрмыс-тіршілігімен танысу, оларға Қазақстан туралы көбірек мәліметтер, (мәдени-әдеби, экономика, саясат, тағы басқа мәселелер) жеткізу, Мәскеуде (кейіннен басқа қалаларда) оқитын жастардың оқуына көмек көрсетуді мақсат етті. Бұл ұйымның Мәскеудегі Қазақстанның тұрақты өкілділігінде ай сайын «Жас тұлпар» атты қабырға газетінде осындағы студенттердің оқу, тұрмыстық жайлары жарияланып тұрды. Әсіресе, тұрақты өкілдіктің «Білім және мәдениет» бөлімінің менгерушісі, ұлтжанды азамат Ғалым Сүлейменовтің ықыласы айрықша болды. Ұйымда ішкі сезім дүниесі «ұлттық, қазақтық» деп тұратын жастар белсенді азаматтық қызметтер атқарды.

Бүгін «Жас тұлпарды» қаламымызға арқау-өзек етіп отырған себепбіз, осы қоғамдық ұйымның белді мүшесінің бірі – туған жеріміздің түлегі, Ауан ауылының тумасы, мәскеулік студент жастар «бек» деп құрметпен атаған Қасымбек Әлменовке байланысты болып отыр. Мұрат Мұхтарұлы өз естелігінде: «Шынымды айтсам, өмірдегі ең мазмұнды кездер сол Мәскеуде оқып жүргенде өтті. «Жас тұлпарды» достарыммен ұйымдастырып, ұлт ретінде қандай халықпыз деген сұраққа сол кезде-ақ үлкен ізденістерге түскенбіз» деп баға берген болатын. 50-60-жылдардың қиысқан тұсында Кеңес өкіметінде болған «жылымықтың» бір алуан көрінісі еді бұл. Сол ұлттық деп асқатқа айта алсам деген жас жолбарыстардың қатарында болған Қасымбек Әлменов кім еді?

Иә, бүгінде ақпарат ағымы мол уақытта «Жас тұлпар» туралы кітап ақтарсам да, мерзімді баспасөзден мақалалар оқысам да, деректі фильмдер көрсем де, есіме ақ жайлау жастық шағымызды бірге өткізген заңғар жерлесім, жан досым Қасымбек көз алдыма келеді. Мұзбалалатты ақиық ердің тірлігінде бағасын бере алмадық па деп ойлаймын. Басқаны қойғанда, ұлы теңіздің бір қиын түкпіріндегі өркеніеттен кенжелеп жатқан шағын балықшы ауылдың қара баласының КСРО мемлекетінің айтулы астанасы, үлкен

Тәуелсіздік – біздің халқымыз үшін ең бір қастерлі де қасиетті ұғым. Жүрегіміздің түкпіріне орныққан алтындай қымбат, асыл сөз. Бүгінде еліміз егемендік алып, міне, отыз жылдай уақыт болды ғасырлар тоғысында жаһандық қауымдастықтар арасынан өзінің елеулі орнын еншіледі. Мемлекетіміздің алып шаңырағын шаттыққа толтырып отырған салықалы сәтте жақынды-алысты өткен күндерімізге жиі-жиі қайта бір мойын бұрып, елдік, мемлекетшілдік ұғыммен саралай-сараптап, тарихымыздағы асулы-асулы кездерді еске алып отыратын дәулетті де салтанатты жарқын заманға да жеттік. Сонда бірнеше ғасырға созылған басыбайлықтан азат болу арман-мақсатымен батыр жүректі ерлеріміздің әр уақытта да, сындарлы сәттерде де ту көтеріп, байрақ желбіретіп, бостандық, азаттық деп озанда-та ұран салғанына көз жеткіземіз. Ақиық ерлердің ұмытылмас, асыл жолына көз жүгірте отырып, азатшыл рухымыздың қай кезеңде де отаршылдыққа қарсылығын білдіріп, атойлап, қандай қиындықтарға да мойынұсынбай, өрлікке толы үнін Алаш баласына аманаттап жеткізіп отырғандығына куә боламыз.

«ЖАС ТҰЛПАРДЫҢ»  
АЙБЫНГЕРІ

шаһар Мәскеуге табандылықпен білім қуып барып, сондағы Ресейдің ең бір көне де атакты оқу орындарының бірі – Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясында білім алуы әрбір адам арман ететіндей, көл жеткізем деп мақсат ететіндей үлкен жетістік еді. Ал, енді Қасымбектің тек білім алып қана қоймай, сол кезеңдегі Мәскеу жоғары оқу орындарында білім қуған, кейін қазақ интеллигенциясының, ғылымының алтын шоғырына енген азаматтармен бірге көл ұстасып қатар жүріп ұлты үшін, халқы үшін қам жөуі кім-кімді де бейжай қалдыра алмайды деп білемін. Ақиық азамат Қасымбек Әлменовті туған жерінің, аралықтардың, қалай айтсақ та, нағыз мақтаншына айналатындай біртұр, тұлғалы қайраткер деп мойындауымыз-ақ керек.

Мен өзім ұлы теңіздің құт қойнауындағы, жағалауын толқын ұрған Көкқаралда туып өстім. Балықшы ауылдың балалары осындағы жетіхылдық мектепті бітірген соң, жанымыздағы Ауан ауылындағы орта мектепке әрі қарай оқуын жалғастыру үшін жыл сайын барып жататын. Мен де сонда аяқ бастым. Ауандық бала Қасымбекпен сол Ақбасты мектебіннің қабырғасында жүріп таныстым. Сол кездерден-ақ оның жайдары да жайлы мінезі, басқаларға ұқсамайтын болмысы өзгерлерден ерекшеленіп, айдындай тұрғанын көрдім. Әрбір сөйлеген сөзі, қамтып айтқан есті әңгімесі жасы үлкен, көпті көрген кісілерден еш кем болмайтын. Майын тамызған әңгімелерімен қарасирақ құрдастарын үйіріп әкететін. 8-сыныпта оқитын біздер үшін оның әрбір сөзі басқа арнаға, көсемдікке толы болатын. Бір әңгіменің барысында «Таудай талап бергенше, бармақтың бақ берсін» деп айтқаны әлі күнге дейін есімде. Титімдей баланың аузынан шыққан нақыл сөз менің жас жандымда мәңгілікке сақталып қалды. Ал жігіттің төресі боп өсіп келе жатқан Қасымбектің бойындағы сан-салалы өнерді айтып жеткізе алмаспын. Қолына қазактың қара домбырасын алып, теңіздей толғанып алып өзүзетің ән айтқанда, күмбірлетіп күй тартқанда оған бұл манайда тең келетін жан, сірә, болмас. Орыстың мандолинасы мен бастысың гитарасын сыңғырлатып, сылыкын саздарға мың құбылтып сала білетін.

Әкесі Әлмен ерте қайтыс болып кеткен, шешесі Сәлима өмір бойы тырбанып еңбек еткен қарапайым ғана жан еді. Балықшы ауылдың теңізден несібесін айырған біртоға аламырды. Заман бірте-бірте түзепіп келе жатыр дегенмен, әлі де дүние бірде жетіп, бірде жетпей жататын шак. Жынып-қамданып алған ол мектеп бітірген әуелгі жылы оқуға барған, түсе алмай тұрған жерге қайтып келді. Ауан балық зауытында Қасымбек ұш жыл бойы көк толқынмен алысып балық аулады. Көк теңіздің су маржанын сүзіп жүріп көкірегіңдегі оқуға деген аңсарын, арманын үнемі әлдилей білді. Содан да болар, өздігінен оқып үйреніп, орыс тілін менгеріп, анау-мынау емес, алыстағы Мәскеуге кете барған.

Осы арада мен де мектеп бітірген соң, азаматтық борышымды өтеу үшін өскертке аттанғанмын. Ресейдің солтүстігіндегі Архангельск деген қалада әскери борышымды өтеп жаттым. Бұл 1964 жыл болатын. Көзге көрінген, білімді біреулер мойындаған болуы керек, жай қатардағы солдат болып жүрген мені Мәскеуге қурсақ оқуға жіберді. Мәскеуге келген соң, әрине, жан жолдасым Қасымбекті іздеп таптым. Орыстың да, өзге ұлттардың да аграрлық саладағы болашақ қаймақтары оқып, білім алып жатқан Тимирязев академиясын да алғаш көрдім. Бұл Қасымбектің білім үшін бар қажыр-қайратын жұмсап жүрген кезі болатын. Орыс тілінде ағып тұр. Оқымаған кітабы қалмаған. Шынығын айтқанда, кейін қазақ ауылдарында туып, қазақша мектеп бітіргендерден орыс тілін дәл Қасымбектей сөйлейтін адамды кездестірген жоқпын десем де болар.

Тарихы терең академия орналасқан жер көлемінің ауқымы өте кең екен, бір үлкен кеңшар сияқты. Қасымбектің жатақханасында бір күн жатып, оның достарымен де танысқанмын. Жатақхана бөлмесінде столда «Тимирязев»

вең» деген шағын газеттің тігіндісі үйіліп тұр екен. Қызығы қарай бастадым. Сөйтсем, мыңдаған адам оқитын академияның органы – осынау газетте Қасымбек редколлегия мүшесі болып басылымды мезгіл-мезгіл шығарысып жүр екен. Кешегі ауыл баласының осындай деңгейге дейін көтерілуі мені сүйсіндіргені де, таңғалдырғаны да шындық. Туған ауылында балықшының ауыр еңбегімен ысылған Қасымбек студент кезінде ауылдан келетін қаржының аздығынан бес жыл бойы бір мезгіл темекі фабрикасында жұмыс істеп жүрді.

Академияда 1962-1967 жылдары оқыған Қасымбек шын мәнінде үлкен азамат, қайсар қайраткер болып қалыптасқан-ды. Бұрын да бойында бар шешендік қасиеттері қана арна тапқандай, кез келген адаммен сөйлескенде бірден-ақ баурап алып кететін. Дәрігермен дәрігерше, мұғаліммен мұғалімше, инженермен инженерше сөз тауып, келеді сұхбат құра білетін.

«Жас тұлпар» ұйымы ұлттық мәселелер көтерумен бірге «коммунистік заманның талай тоқпағын көрген» халқымыздың көзін ашуға көп еңбек етті. Әсіресе сол кезде қазақ халқы үшін көкейтесті болып тұрған ана тілі мәселесі өткір еді. Басқаны қойғандай өзінде Мәскеуде оқып жатқан, қалаларда туған қазақ жігіттерінің бір-шамасы тілге шорқақ болатын. Сондықтан да ұйымның бір мақсатты жұмысы оларға тіл үйрету болса, осы жағынан Қасымбек таптырмайтын жекер еді. Мәскеудің Ломоносов атындағы университетінде, Губкин атындағы Мұнай институтында, Энергетика институтында, Инженерлік байланыс институтында, Теміржол институтында, тағы басқа да оқу орындарында жоспарлы түрде дәрістер өткізілді. Мұнан қалды, «жастұлпарлықтар» жазғы қаниқула Кеңес мемлекетінің қазақтар тұратын қалаларына, Қазақстанның тың өлкесіне ерікті түрде барып, халықпен кездесіп, олардың алдында сол кездегі қоғамдық мәселелер туралы үгіт-насихат, сұхбаттар өткізіп, концерттер қойып отырды. Осы бағытта құрылған «Жас тұлпар» эстрадалық концерттік бригадасының құрамында тұла бойы жағдай менің ғана басымда болған жоқ. Бізді «ұлтшылдар» деп, қалаған жұмысымызға орналастырмады» деп жазған. Кейін «Жас тұлпар» қатарында болған азаматтардың сенімсіздер қатарына алынып, үнемі аңдула болғанын айтып өтеді. Міне, осы аңдулар, көз шұққулар Қасымбектің жүйкесіне жүк түсірсе, коммунистік режимнің оған қойған келдерлері сүріндіріп отырған болуы керек. Жас-тай балықшы болған уақытында бойына суық енгізіп, туберкулез ауруын да жасырып алған. Көзі де бала кезінен нашар көретін. Қауіпсіздік комитетінің жанысздарының үнемі бақылауында болуы денсаулығына қатты әсер етті. Содан да тұрмыстық жағдайы ешқашан түзелмей-ақ қойды. Дайын еңбектерін диссертация қылып, Мәскеуге барып қорғауға қолы жетпеді.

Міне, осындай тағдырының ауырлық маңдайына соққы болып тиіп, тауы шаңылғандай болған Қасымбек Алматыны тастап, 1991 жылы тіршілік тырбанымен Шымкентке қоныс аударды. Маңдайының бағы бар, білімі де сайлы жігітті Оңтүстік Қазақстан облыстық Қаракөл ғылыми-зерттеу институтының директоры Әбдірахман Омбаев аға ғылыми қызметкер етіп жұмысқа бақылады. Осы институтта сол уақытта лаборатория бастығы болған ғалым Аймырза Тасовтың былай дегені бар: «Иә, қайран Қасымбек жүрегі қазақ деп соққан ер көңіл жігіт көйі. Өткен тарих пен бүгінгі қоғамдық өмірді жан-жақты талдап айта алатын. Бес жыл қызметтес болдық. Сонда бізде жұмыс істейтін Амантай Тастанов деген жігіт Қасымбекпен бірге оқығандығын айта келіп: «Мәскеуде Қаскенің сан түрлі тақырыптардағы дәрістеріне төменгі курстың студенттері жабылып келіп жататын. Тіпті кезекте тұрады десек те болады» дейтін. Жалпы, Қасымбектің «Жас тұлпарда» болғанынан шет-жағалай хабардар болдық. Өзі де органдар тарапынан сақтанып жүргендей жүретін. Өйткені, сол жылдары онымен оқыған бір түркістандық Құттыбаев деген жігіт белсенді түрде әрекет етіп,

Қасымбек досыммен байланысымыз еш үзілген емес. Оның әрбір жетістігіне тілектес болып жүріп жаттық. Академия бітірген жылы туған жеріне соқты. Бірге болып, бірге жүрдік, бірге қуандық. Қызыл дипломды кеудесіне басқан жас маман жолдаманы Жамбыл облысының Мерке ауданында өз мамандығы бойынша жұмыс істеуге алған екен. Өзінің айтуынша, мақсаты өндірістік тәжірибе жинап, кейін аспирантураға түсу болса керек. Айтса айтқандай, ғылымға деген талпынысы оны 1970 жылы Алматыға әкеліп, осындағы ауылшаруашылық ғылыми-зерттеу институтына аға ғылыми қызметкер қылды. 1973-1976 жылдары институттың аспирантурасында оқыды. Жаңашыл жас ғалымның ғылыми мақалалары, терең пайымды еңбектері жарияланып жатты. Ғылыми ортада талантты мойындаста бастаған. Аспирантуралар кейін де институтта қызметін әрі қарай жалғастырды.

Ашығын айтқай, аспирантураны жақсы бітіргеннен, ғылымға деген талпынысы зор болғанмен, жазғандары жарияланып жатқанмен де Қасымбек ғылыми атак қорғай алмады. Оған бірнеше себеп бар сияқты. Оның басты себебі, кезінде Мәскеудегі «Жас тұлпар» ұйымына мүше болу шығар деп ойлаймын. Өйткені, ұйым жетекшісі М.Өуезовтің «Сонда Қауіпсіздік комитетінің деректерінде «жастұлпарлықтардың» аты-жөні, біздің не істеп, не қойғанымыз, қайда барып, кімдермен, қандай әңгімелер болғаны туралы біраз мәліметтер жазылған. ҰҚК жеке адамдарын арамсызға жіберген екен... Әлгі жансыздардың әбден маманданғаны соншалық семинарларға дейін қатысып, не айтып, не қойғанымызды бүге-шігінесіне дейін түріп жазған. Біз қаншама қиналасыз да құрбан болған жоқпыз. Жанымыз қиналды, көп қиындық көрдік... Содан кейін біздің мәскеулік кезеңіміз өтті. 1968-1969 жылдары Алматыға орала бастадық. Мен Мәскеудегі Дүниежүзілік әдебиет институты аспирантурасын бітіріп, кандидаттығымызды қорғап келдім. Дегенмен, «Жас тұлпардың» құрамында болуыма байланысты біраз тосқауылдарға жолықтық. Мұндай жағдай менің ғана басымда болған жоқ. Бізді «ұлтшылдар» деп, қалаған жұмысымызға орналастырмады» деп жазған. Кейін «Жас тұлпар» қатарында болған азаматтардың сенімсіздер қатарына алынып, үнемі аңдула болғанын айтып өтеді. Міне, осы аңдулар, көз шұққулар Қасымбектің жүйкесіне жүк түсірсе, коммунистік режимнің оған қойған келдерлері сүріндіріп отырған болуы керек. Жас-тай балықшы болған уақытында бойына суық енгізіп, туберкулез ауруын да жасырып алған. Көзі де бала кезінен нашар көретін. Қауіпсіздік комитетінің жанысздарының үнемі бақылауында болуы денсаулығына қатты әсер етті. Содан да тұрмыстық жағдайы ешқашан түзелмей-ақ қойды. Дайын еңбектерін диссертация қылып, Мәскеуге барып қорғауға қолы жетпеді.

Міне, осындай тағдырының ауырлық маңдайына соққы болып тиіп, тауы шаңылғандай болған Қасымбек Алматыны тастап, 1991 жылы тіршілік тырбанымен Шымкентке қоныс аударды. Маңдайының бағы бар, білімі де сайлы жігітті Оңтүстік Қазақстан облыстық Қаракөл ғылыми-зерттеу институтының директоры Әбдірахман Омбаев аға ғылыми қызметкер етіп жұмысқа бақылады. Осы институтта сол уақытта лаборатория бастығы болған ғалым Аймырза Тасовтың былай дегені бар: «Иә, қайран Қасымбек жүрегі қазақ деп соққан ер көңіл жігіт көйі. Өткен тарих пен бүгінгі қоғамдық өмірді жан-жақты талдап айта алатын. Бес жыл қызметтес болдық. Сонда бізде жұмыс істейтін Амантай Тастанов деген жігіт Қасымбекпен бірге оқығандығын айта келіп: «Мәскеуде Қаскенің сан түрлі тақырыптардағы дәрістеріне төменгі курстың студенттері жабылып келіп жататын. Тіпті кезекте тұрады десек те болады» дейтін. Жалпы, Қасымбектің «Жас тұлпарда» болғанынан шет-жағалай хабардар болдық. Өзі де органдар тарапынан сақтанып жүргендей жүретін. Өйткені, сол жылдары онымен оқыған бір түркістандық Құттыбаев деген жігіт белсенді түрде әрекет етіп,

Кеңес үкіметіндегі келенсіздіктер туралы пікірін ашық айтып жүрген-тін. Сол жігіт аяқастынан ұшақ үстінде қайтыс болып кетті. Осының өзі оның айрықша сақтанып жүруіне қатты әсер етсе керек. Қасекен институтта терең біліммен ерекшеленгенімен де, ақыры ғылыми атак алған жоқ. Қорғау үшін жүріп-тұруға, жазған мақалаларын шығаруға қаражаты болмады. Алайда Шымкенттегі, Алматыдағы көптеген адамдардың кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғауына мұрындық болды. Әлі есімде, бір ғылым докторымен мал шаруашылығындағы тұжырымға айтысып, таласқаны бар. Ақыры доктор өз тұжырымын өндіріске өткізгенімен де, кейін Қаскенің тұжырымдамасы дұрыс екені белгілі болды. Институтымызда ол дәп бір ғылыми кеңесші сияқты болып кететін. Мамандығы зоотехника саласынан ғой, малдың селекциясы жағынан ғылыми ізденістері болатын. Әлі есімде әуелгі кезде лабораториямызда кабинет болмады. Біздің үйімізде бір бөлмені лабораторияға арнап, 2-3 айға дейін зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Ол түйе шаруашылығы жөнінде жан-жақты зерттеу жүргізіп, қорғайтындай дәрежеге келген. Осы тақырыбына байланысты көкейтесті мәселелерді журналға ұсынып отырды. Мұндай ағып тұрған білімді жігітті өз ұжымымызда қадірлей білдік десек болар. Орыс тіліне өте сауатты болды. Басқа жақтардан, жоғары ғылыми мекемелерден түрлі зерттеулер орыс тілінде келетін. Соларды көзінен тізіп қойып әріптестеріне қазақша түсіндіріп беріп отыратын. Қатар жүргендіктен де кеуіпті жиі-жиі сырласатынбыз. Сондайда Қасекен жүзі жарқырап: «Менің Шымкентке келгендегі бағым бар екен. Ол – Құлпаштай қызға үйленуім» деп қайта-қайта айтып отыратын. Өмірінің кейінгі жылдарында көбірек ауырып жүрді. Өкіпесіне жас кезінде балық аулап жүргенде салқын тигізіген екен. Қайтыс боларынан екі-үш күн бұрын маған «Келіп кетсін, айтатыным бар еді» деп хабар берген екен. Тоқсандық есеп дайындап жатқан қапылыс уақытқа тап келіп, бара алмадым. Осы күндері қайран Қаскені не айтқысы келген екен деп үнемі ойланып жүреміз».

Қасымбек Әлменов 1998 жылы 4 мамырда Шымкент қаласында қайтыс болды. Оған өмірінің екінші бір кезеңінде сүйікті жар болған Құлпаштай адамгершілігі мен адалдығы бір бақыты болды-ау деп ойлаймын. Шымкент қаласындағы педагог кадрлардың білім көтеру институтында қызмет істейтін ол қандай қиын кезде де асыл азаматты аялап, төсек тартып жатқанда қолынан келгеніне барлық ем-домды жасап отырды. Дүниеден өткенде аурап, ағайынның алдында мәңгілік орнына тапсырды. Екі асыл жаннан туған Қазыбек пен Ербол – бүгінде ат жалын тартып мінген азаматтар. Қазыбегі Шымкенттегі Сапарбаев атындағы институтты бітіріп, мамандығы бойынша есепші болып жүрсе, кішісі Ербол Қазақ мемлекеттік университетінің халықаралық құқық факультетін бітіріп, оған кейін Польшада заңгер мамандығы бойынша магистратураны тауысты. Асыл әкенің арманын алғы күндерге жеткізерліктей азаматтар болып келеді.

Жақында қолымызға Мұрат Өуездің «Ділім» деген көлемді кітабы тиді. Аса дарынды ғалымның сан тақырыптардағы жазған мақалалары жарияланып жатқан «Жас тұлпарға» да байланысты сұхбаттары жарық көріпті. Осы кітапты саралай оқи отыра сонау 60-жылдардағы жас жігіт Қасымбектің осы ұйымдағы деректерін қарағанымыз шынық. Айтқандай-ақ, 1965 жылғы Мұрат Өуездің қолымен жазылған «Жас тұлпардың» студенттік кеңесінің тізімінде Қасымбек Әлменовтің де аты-жөнін көріп, риза болып қалдық. Мұның өзі – тарихи факт. Сондай-ақ кітаптың суреттер жапсырмасында «Жас тұлпардың» концерттік афишасында «Құйш Қасымбек Әлменов» деп үлкен әріптермен жазылғанын көрдік. «Жас тұлпар» жайлы жазбалардан олардың өткен ауыр жолдарын көз алдымыздан өткергендей болдық.

Уақыт – таразы, уақыт – әділ. Бүгінде тәуелсіздік алған Қазақстанда Мәскеу асып білім алып, елге көшбасшы болуға талпынған сол бір жалынды жастардың көзсіз ерен ерліктеріне баға берілді. Академиялық «Қазақстан тарихы» кітабының соңғы басылымында «Жас тұлпар» ұйымы туралы айта келіп: «Жастар қазақ ауылдарының кенже қалған жағдайына, қазақ тілі мен мәдениетіне қатысты жасырын кемсітушілікке ең алғашқылардың бірі болып назар аударды. Сондықтан олар халықтың рухани өркендеуі мен дамуын жаңғырту мәселелері бойынша бірқатар әлеуметтік бастамалар көтерді. Режимді ырықтандыру, сталинизмнің негізгі қағидаларын қайта қарау ұрандары арқылы өз талаптарын қойған ресейлік диссиденттерден айырмашылығы, «Жас тұлпар» тобының мүшелері ұлттық автономияның (дербестіктің) ауқымын кеңейту, республикалардың мәртебесін арттыру идеяларын ұсынды. Бірқатар жағдайларда топ мүшелері рұқсат етілген шектен шығып, ресми саясатты сынады» – деп жазылыпты.

Міне, тарихтың бұлтартпас зор бағасы осындай! Ал, сол дәуірде азаттық аңсап ұрандатқан озық ойлы қазақ жастарының алдыңғы легінде болған Қасымбек Әлменовтей жерлесіміз – қай жағынан да туған жердің мақтаншысы болатындай тұлға.

Қуанышбай ЕРДІХА.ПЫҚОВ,  
Арал ауданының  
Құрметті азаматы,  
Ерғали АБДУЛЛА,  
журналист

«Асыл  
мұраның»  
асуы

Мәдениет және өнер  
саласы қызметкерлері  
мен ұйымдарының ІІІ  
республикалық «Ру-  
хани қазына – 2020»  
байқауында жерлесіміз  
Әйгерім Бекқұлиева үздіктер  
қатарынан табылып, 500 мың  
теңге сыйқыны иеленді. Ол  
дайындаған «Асыл мұра»  
тележобасы «Үздік музейлік  
онлайн жоба – 2020» номина-  
циясын жеңіп алды.

Байқауға республика бойынша 50 музейден өтімін түскен. Оның 13-і түрлі номинациялар бойынша жеңімпаздар көшін бастады. Фестивальдің мақсаты – мәдениет қызметкерлерінің, оның ішінде музей қызметкерлерінің мәртебесін көтеріп, тәжірибе алмасу алаңына айналу.

– «Асыл мұра» бағдарламасының алғашқы хабары аталдан балаға мирас болған қазактың зергерлік өнеріне арналып, музей қорындағы әшекей бұйымдар коллекциясының тарихы, семантикасы және зергерлік бұйымдар атауларының этимологиясы туралы толық мәлімет берді. Өн бойында қазактың ұлттық болмысын айқындайтын элементтер өрбіген жобаның әр санында Наурыз ұлы, ұлттық қоһонер, дәстүрлі музыкалық аспаптар, археологиялық экспонаттар мен қазба жұмыстары қамтылды. Біз мұнымен тоқтап қалмай, әрі қарай да Ұлы даланың жасампаз қырын ашықтап, тарихына тоқтала береміз. Біздің елдің тарихы бір кітап, бір хабарға сыймайды. Сондықтан, бұл – тоқтаусыз тіршілік, – дейді автор.

Облыстық музейде жұмыс істейтін маман жастар үшін тәрбиелік маңызды зор мәдени шаралар ұйымдастырумен қатар, музейшілік жобалар жасап, республикалық ғылыми-танымдық, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып жүр. Республикалық байқаулардан жүлделі оранған сәттері аз емес. «Музей құрлымы» Әлеуметтік-мәдени мәртебесі. Қызметі» атты облыстық ғылыми-танымдық конференцияда «Музей құндылықтарын зерттеу. Ұлттық әшекей бұйымдар атауларының этимологиясы» тақырыбында туң ғылыми деректер ұсынып, ең үздік баяндамашы атанды.

– «Музей мен білім кеңістігінің интеграциясы», «Дәстүрлі, аралас және заманауи музей құрлымы» сынды мақалалары ғылыми жинақтарға енуде. Облыс музейлері ішінде ұйымдастырылатын жобалар аясында да жерлердің ой-өрісін дамыту, сөз терінеңе үйіле білуге баулу мақсатында «Әр есімде терен сыр, есімнің мәнін біл» атты жобам мектеп оқушыларының арасында кеңінен талқылауға не болды. Ал бұл номинацияға не болған «Асыл мұра» тележобамның шоқтығы мені. Өйткені, бұл бір менің ғана емес, ұжымның, телеарна еңбегінің еленуі, – дейді Ә.Бекқұлиева.

Жобаны облыстық тарихи-өлкетану музейі мен ж





Сыр бойы ақын, шежірешілерінің ерекшелігін, халық тағдырының шынайы көріністерін, ұлттық болмыс-бітімін айшықтап беретін мәселелер әлі күнге дейін толық зерттелген жоқ. Міне, осы орайда бүгінгі зерттеуіме Іскендір ақын Байсүгірұлы арқау болмақ.

# ІСКЕНДІР МОЛДА немесе оның айтысы хақында

Ол Ақтөбе облысының Ырғыз ауданының Торғай өзені бойында дүниеге келген. Ата-балалары сол кездегі шаруашылыққа байланысты қазіргі Ақтөбе облысы Ырғыз ауданының, Арал маңы Қарақұмының жерін жайлап, Сыр бойын қыстайды екен. Атасы балаларын әртүрлі кәсіпке, бірін былғарыдан биік өкше аяқ киім тігуге, бірін мал бағуға баулыса, ал, Іскендірді бейіміне қарай, зейінді зеректігін байқап, мешітке беріп оқытқан.

Іскендір ақын жастайынан өлең-жырға жақын болып, Шығыс әдебиетін және ислам діні қағидаларын жақсы білген, тарихи деректерді, батырлар жырларын, киссаларды жинастырып, замандастарына оқып береді екен, өзі де өлең жазған.

Іскендір молданың ақындық дүниетаным, тақырыптық-идеялық жүйесі – бай мұраларының негізі. Халық ақындар айтысын кашанда өнер ретінде жоғары бағалаған. Оны өнер жарысы, таразысы деп қараған. Іскендірдің ақындығынан импровизатор, айтиска қабілетті, сөз тапқыш шешен де ойлы екенін көреміз. Өзіне тән мәнері, кейбір ерекшеліктері байқалады.

«Үш ғасыр жырлайды» атты айтыс кітабында және «Күлтегіні» баспасынан жарық көрген «Қазақ өнерінің антологиясы «Айтыс» бөлімінің III томында жалағаштық Уамықпен жазбаша айтыс түріндегі жауаптасуы жарияланған. Онда былай делінді:

Іскендір:  
Уеке, сізге арнап бұл жазылған сөз,  
Тірілкте дидарласып бола алмай кез.  
«Арасы жақсы-жаман – аспан-жердей»,  
Қашаннан халық аузында келеатқан сөз.  
Жақсының тұқымсыз халық білетін,  
Мақсат іс көңілдегі – көрсе деп көз.  
«Жақсыда парпат бар» деген анық,  
«Үлгі сөз үйретеді» деп үміттенеміз.  
Жас үлкен, жарталық жер жақындап тұр,  
Өйтпесе, жоқ, шырағым, міндетіміз.  
«Жақсымен етсе сұхбат, дидар көріп,  
Пайдасы болар» деген өздеріңіз.  
Қалған сөз қариядан – қатесі жоқ:  
Жаманға жақын жүрме, күлерінді үз!  
Бірнеше барсам-дағы Жалағашқа,  
Бола алмай дидар нәсіп қапа жүрміз.

Шырағым, халық біледі атаң даңқын,  
Жаратқан оның артық топырағын,  
Дүниеге талай жақсы келіп кеткен,  
Тірішілік шаршатағын ол бір сағым.  
Қайбір жан тиянақтап тұра алмайды,  
Әлемнің алғаннан соң шамшырағын.  
Қайғысыз рақатта өмірлі бол,  
Кейбіреу айырмайды істің ағын  
Алыстан ұзақ өріс ала алмайды  
Қол қысқа, болса егер бойы шағын.  
Кіші жүз Алтын Айдар – шыққан тегім,  
Қысқартып доғарайын сөз аяғын.  
Қол койған Байсүгірдің Іскендірі,  
Қорқыттың вокалында отырамын.  
Ғапық боп аған сырттан сөз жазалды,  
Айырмай руымды Алтын, Табын.  
Шал жазған шатпақ сөзін айып етпе,  
Жағдайлап адал ниет білдіремін.  
Қош, сау бол саламатта жеулікқанша,  
Ұзартып сөз аяғын неғыламын.  
Уамық:

Ісеке, сәлеміңіз келді хаттан,  
Көрестің адресің Қорқыт жақтан.  
Сайраған сандуғаштай сезділеді,  
Паруаз қып тамаша айлап ұшқан бақтан.  
Елестеп жазған сөзден анданады,  
Хабардар еткеніңіз әр тараптан.  
Руын – Кіші жүздің Бай баласы,  
Алтында Айдар екен сіздің таптан.  
Іздесін, жөніңізді білем деген,  
Іскендір Байсүгірұлы деген аттан.  
Дүниеге келген жанның баршасының,  
Өзіңше олқысы жоқ, бәрі батпан!  
Құрулы халық алдында таразысы,  
Қарасын сол безбете, нарқын баққан.  
Менінше, мұнда да бар жаңылтпаштар,  
Оңсыз да адастырып халықты аладтқан.  
Наданаң – надан қымбат болғаны үшін,  
Етеді өз тұтасын әркім мақтан.

## Жарамсыз деп есептелсін

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Көліктің тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің Қызылорда бөлімшелік көліктің тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі (БСН 020420003321) Ережесінің (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Жүсіпов Алтынбек Жанұзақұлының атына Қызылорда облысының полиция департаментінен 20.02.2019 жылы берілген №2651 зейнеткерлік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Талапты» СТК-ның (БСН:0509400008988) Жарғысы (мемлекеттік және орыс тілінде), заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

## Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Макашева Эльвира Маратовна (лицензия №1300863, 31.05.2013 ж.) 2018 жылдың 3 қарашасында қайтыс болған азамат Саламов Амиржан Хамракуловичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Әбілхайырхан 33 үй, тел.: 26-30-04, 8 777 958 14 16.**

«Сыр бойы»,  
«Қызылординские вести»,  
«Ақмешіт апталығы»,  
«Ақмешіт жастары» және  
аудандық басылымдарға  
хабарландыру  
орналастырғыңыз келсе:  
70–00–52 телефоны  
арқылы байланысуға  
болады.  
Е–mail: smjarnama@mail.ru

ЖОБА

## «2020 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 5 ақпандағы №161 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуіреті Заңының 26-бабына және «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 18404 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2020 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 5 ақпандағы №161 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7234 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 6 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Әтәлондық бақылау банкіне жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыммен бекітілген 2020 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыммен тундайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындауын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д.Жаханова жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Г. Әбілқалықова

«КЕЛІСУДІ»  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің

Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы « » № қаулысына қосымша  
Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы «5» ақпандағы №161 қаулысымен бекітілген

2020 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері

кесте №1

«Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 бұйрығына сәйкес бекітілген норматив бойынша ігерілген субсидиялау көлемдері

| №                                    | Субсидиялау бағыты                                                                                                                                                      | Өлшем бірлігі                     | 1 бірлікке арналған субсидиялау нормативтері, теңге | Субсидия көлемі бас, тонна мың теңге |
|--------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------|-----------------------------------------------------|--------------------------------------|
| Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы |                                                                                                                                                                         |                                   |                                                     |                                      |
| 1.                                   | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:                                                                                                                           |                                   |                                                     |                                      |
| 1.1                                  | Ірі қара малдың тауарлық аналық басы                                                                                                                                    | бас/шағыл-тыру маусымы            | 10000                                               | 45000                                |
| 1.2                                  | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы*                                                                                                                               | бас/шағыл-тыру маусымы            | 20000                                               | 3000                                 |
| 2.                                   | Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтін-бағу                                                   | бас/шағыл-тыру маусымы            | 100000                                              | 165000                               |
| 3.                                   | Отандық асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу                                                                                                                             | сатып алынған бас                 | 150000                                              | 1100                                 |
| 4.                                   | Шетелдік асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу                                                                                                                        | сатып алынған бас                 | 225000                                              | 258                                  |
| 5.                                   | Сыйымдылығы бір ұақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген немесе ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату                     | тірідей салмағы, килограмм        | 200                                                 | 999,89                               |
| 6.                                   | Сыйымдылығы бір ұақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдары үшін бұқашықтарды арзандату                                                                        | қосқан салмағы, килограмм         | 200                                                 | 65,077                               |
| 7.                                   | Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындарына сиыр етін дайындау құнын арзандату (2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады) | өңдірілген сиыр етінің килограммы | 175                                                 |                                      |

|                                           |                                                                                                                                                         |                                        |        |          |
|-------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------|--------|----------|
| Етті және етті-сүтті-етті мал шаруашылығы |                                                                                                                                                         |                                        |        |          |
| 1.                                        | Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу:                                                                              |                                        |        |          |
| 1.1                                       | бір жынысты                                                                                                                                             | сатып алынған доза                     | 10000  | 1000     |
| 1.2                                       | қос жынысты                                                                                                                                             | сатып алынған доза                     | 5000   | 10000    |
| 2.                                        | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:                                                                                                    |                                        |        |          |
| 2.1                                       | отандық немесе Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен әкелінетін шетелдік                                                                            | сатып алынған бас                      | 150000 | 36       |
| 2.2                                       | Аустралия, Америка Құрама Штаттары, Канада және Еуропа елдерінен әкелінетін                                                                             | сатып алынған бас                      |        | 5400     |
| 3.                                        | Сүт өндіру құнын арзандату:                                                                                                                             |                                        |        |          |
| 3.1                                       | бағымдағы сиырлардың саны 600 бастан басталатын шаруашылық                                                                                              | откізілген немесе өңделген килограмм   | 35     | 3581,876 |
| 3.2                                       | бағымдағы сиырлардың саны 400 бастан басталатын шаруашылық                                                                                              | откізілген немесе өңделген килограмм   | 20     |          |
| 3.3                                       | бағымдағы сиырлардың саны 50 бастан басталатын шаруашылық                                                                                               | откізілген немесе өңделген килограмм   | 10     |          |
| 3.4                                       | Ауыл шаруашылығы кооперативі                                                                                                                            | откізілген немесе өңделген килограмм   | 10     |          |
| 4.                                        | Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді субсидиялау | ұрықтандырылған бас/шағыл-тыру маусымы | 5000   | 5000     |
| 5.                                        | Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтін-бағу                                  | бас/шағыл-тыру маусымы                 | 100000 |          |
| 6.                                        | Эмбриондарды телу жөніндегі көрсетілген қызметтерді субсидиялау                                                                                         | бас                                    | 80000  |          |
| 7.                                        | Сүтті және сүтті-етті бағыттағы аналық басының және толықтырытын мал басының азығына жүзсалған шығындар құнын арзандату*/**                             | бас                                    | 240000 | 1640     |

|                    |                                                                                                                                                  |                                        |        |           |
|--------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------|--------|-----------|
| Кой шаруашылығы    |                                                                                                                                                  |                                        |        |           |
| 1.                 | Шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау | ұрықтандырылған бас/шағыл-тыру маусымы | 1000   |           |
| 2.                 | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:                                                                                                    |                                        |        |           |
| 2.1                | Қойлардың асыл тұқымды аналық басы                                                                                                               | бас/шағыл-тыру маусымы                 | 2500   |           |
| 2.2                | Қойлардың тауарлық аналық басы                                                                                                                   | сатып алынған бас                      | 1500   |           |
| 3.                 | Асыл тұқымды қойлар сатып алу                                                                                                                    | сатып алынған бас                      | 8000   | 5900      |
| 3.1                | Асыл тұқымды еңіктердің аналық басын сатып алу**                                                                                                 | сатып алынған бас                      | 40000  | 47200     |
| 4.                 | Тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық қойларды күтін-бағу                                                    | бас/шағыл-тыру маусымы                 | 10000  |           |
| 5.                 | Қойы өткізу құнын арзандату                                                                                                                      | откізілген бас                         | 3000   | 6874      |
| Жылқы шаруашылығы  |                                                                                                                                                  |                                        |        |           |
| 1.                 | Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу                                                                                        | сатып алынған бас                      | 100000 | 77        |
| 2.                 | Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату                                                                                                      | килограмм                              | 60     | 39,574    |
| Түйе шаруашылығы   |                                                                                                                                                  |                                        |        |           |
| 1.                 | Асыл тұқымды тұқымдық түйелер сатып алу                                                                                                          | сатып алынған бас                      | 100000 |           |
| 2.                 | Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату                                                                                                     | килограмм                              | 55     | 62,96     |
| Балара шаруашылығы |                                                                                                                                                  |                                        |        |           |
| 1.                 | Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу                                                                                      | балара ұясы/маусым                     | 5000   | 300       |
|                    | балары                                                                                                                                           | х                                      | х      | 1588268,3 |

Ескертпе:

\* - жергілікті бюджеттен қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде және/немесе басқа бюджеттік бағдарламалардан қайта бөлінген кезде субсидиялау нормативтері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 18404 нөмірімен тіркелген) бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау Қағидаларының 4-тармағына сәйкес Министрліктен келісім бойынша белгіленген нормативтен 50 пайызға дейін және мал азығын субсидиялау бойынша 100 пайызға дейін ұлғайтуға жол берілді.

\*\* - жергілікті бюджеттен қосымша бюджет қаражаты бөлінгенде.

Асыл тұқымды жануарлардың барлық түрлерін, етті бағыттағы құстардың ата-енелік/ата-тектік нысандығы асыл тұқымды тәуліктік балапанын, асыл тұқымды құстан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдык нысандағы тәуліктік балапан сатып алу бекітілген нормативке дейін, бірақ оны сатып алу құнының 50 пайызын аспайтын мөлшерде субсидияланады.

Сүтті және сүтті-етті тұқымды асыл тұқымды бұқашықтардың сатып алу құнының 100 %-на дейін субсидияланады, бірақ бекітілген нормативтерден аспайды.

Асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды және асыл тұқымды тұқымдық қойларды сатып алу 1:25 жүктемеге сәйкес аналық басына арақатынаста субсидияланады, асыл тұқымды тұқымдық айғырларды және тұқымдық түйелерді сатып алу 1:15 жүктемеге сәйкес аналық басына арақатынаста субсидияланады.

\* бюджет қаражаты жетпейткен жағдайында субсидия нормативі 50 %-ға дейін азайтылу жағына қарай түзетілуі мүмкін.

аспайтын мөлшерде субсидияланады.

Отандық асыл тұқымды ірі қара мал мен қойлардың аналық мал басын сатып алу қаржы институтымен кредит беру шарты болған кезде субсидияланады, бұл ретте субсидиялар кредитті өтеу есебіне арнайы шотқа аударылады.

кесте №2

«Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 шілдедегі №229 бұйрығына сәйкес бекітілген норматив бойынша ігерілген субсидиялау көлемдері

| №                                    | Субсидиялау бағыты                                                                                                                                                                                                            | Өлшем бірлігі                     | 1 бірлікке арналған субсидиялау нормативтері, теңге | Субсидия көлемі бас, тонна мың теңге |
|--------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------|-----------------------------------------------------|--------------------------------------|
| Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы |                                                                                                                                                                                                                               |                                   |                                                     |                                      |
| 1.                                   | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:                                                                                                                                                                                 |                                   |                                                     |                                      |
| 1.1                                  | Ірі қара малдың тауарлық аналық басы                                                                                                                                                                                          | бас/шағыл-тыру маусымы            | 10000                                               | 1393                                 |
| 1.2                                  | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы                                                                                                                                                                                      | бас/шағыл-тыру маусымы            | 15000                                               | 1616                                 |
| 2.                                   | Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтін-бағу                                                                                                         | бас/шағыл-тыру маусымы            | 100000                                              |                                      |
| 3.                                   | Етті, етті-сүтті тұқымдардың отандық асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу                                                                                                                                                  | сатып алынған бас                 | 150000                                              | 360                                  |
| 4.                                   | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:                                                                                                                                                                          |                                   |                                                     |                                      |
| 4.1                                  | Отандық                                                                                                                                                                                                                       | сатып алынған бас                 | 150000                                              | 300                                  |
| 4.2                                  | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған                                                                                                                                                               | сатып алынған бас                 | 225000                                              | 45000                                |
| 4.3                                  | Аустралия, Америка Құрама Штаттары, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен әкелінетін                                                                                                                              | сатып алынған бас                 | 300000                                              |                                      |
| 5.                                   | Шығу тегі асыл тұқымды сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын сатып алу                                                                                                                                     | сатып алынған бас                 | 150000                                              |                                      |
| 6.                                   | Сыйымдылығы бір ұақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 50 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарына өткізілген немесе орны ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату | тірідей салмағы, килограмм        | 200                                                 | 390                                  |
| 7.                                   | Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындарына сиыр етін дайындау құнын арзандату                                                                                                   | өңдірілген сиыр етінің килограммы | 175                                                 |                                      |

|                                       |                                                                                                                                                                                           |                                      |        |          |
|---------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|--------|----------|
| Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы |                                                                                                                                                                                           |                                      |        |          |
| 1.                                    | Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу:                                                                                                                |                                      |        |          |
| 1.1                                   | бір жынысты                                                                                                                                                                               | сатып алынған доза                   | 10000  |          |
| 1.2                                   | қос жынысты                                                                                                                                                                               | сатып алынған доза                   | 5000   |          |
| 2.                                    | Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:                                                                                                                                      |                                      |        |          |
| 2.1                                   | Отандық                                                                                                                                                                                   | сатып алынған бас                    | 200000 |          |
| 2.2                                   | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған                                                                                                                           | сатып алынған бас                    | 225000 |          |
| 2.3                                   | Аустралия, Америка Құрама Штаттары, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған                                                                                        | сатып алынған бас                    | 400000 |          |
| 3.                                    | Сүт өндіру құнын арзандату:                                                                                                                                                               |                                      |        |          |
| 3.1                                   | бағымдағы сиырлардың саны 600 бастан басталатын шаруашылық                                                                                                                                | откізілген немесе өңделген килограмм | 45     | 2545,904 |
| 3.2                                   | бағымдағы сиырлардың саны 400 бастан басталатын шаруашылық                                                                                                                                | откізілген немесе өңделген килограмм | 30     |          |
| 3.3                                   | бағымдағы сиырлардың саны 50 бастан басталатын шаруашылық                                                                                                                                 | откізілген немесе өңделген килограмм | 20     |          |
| 3.4                                   | Ауыл шаруашылығы кооперативі                                                                                                                                                              | откізілген немесе өңделген килограмм | 20     |          |
| 4.                                    | Ірі қара малдың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату:                                                                                                                                   | дана                                 | 80000  |          |
| 5.                                    | Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді субсидиялау | ағымдағы жылғы ұрықтандырылған бас   | 5000   | 2000     |

| Жұмыртқалы құс шаруашылығы |                                                                                                    |                   |     |       |
|----------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|-----|-------|
| 1.                         | Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу | сатып алынған бас | 60  | 10000 |
| 2.                         | Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату (2022 жылғы қаңтарға дейін қолданыста болады)             |                   |     | 600   |
| 2.1                        | 200 миллион данадан басталатын нақты өндіріс                                                       | өткізілген дана   | 1,5 |       |
| 2.2                        | 150 миллион данадан басталатын нақты өндіріс                                                       |                   | 1,3 |       |
| 2.3                        | 100 миллион данадан басталатын нақты өндіріс                                                       |                   | 1,2 |       |
| 2.4                        | 50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс                                                        |                   | 1,1 |       |
| 2.5                        | 20 миллион данадан басталатын нақты өндіріс                                                        |                   | 1   |       |



## БОРЫШ

## «БІЗДІҢ ЖІГІТТЕР ӘСКЕРГЕ ӨЗДЕРІ СҰРАНАДЫ»

Қолыңа қару ұстап машықтанып, жауынгерлік ұрыс қағидаларын үйренгендер деп айтамыз. Бізге көрме де бар. Онда майдан даласынан табылған заттар, қару-жарақтар тәрізді дүниелер қойылған. Мұндағы әрбір элементтің айтары бар. Жастардың елжандылықты ұғынып, бойларында ұлттық рухы асқақтайтынына сенемін, – дейді әскери-техникалық мектеп директорының тәрбие және әскери-патриоттық жұмыстар жөніндегі орынбасары Қайреддин Баймаханов.

Мұнда келетін 18 жасқа дейінгілердің барлығы бірдей емес. Мектепте тәртіп бұзғып танылған «қиын» балалар да бар мұнда. Бірақ осы жерден темірдей тәртіпке мойынсұнып шығады. Әскери өмірге қызығушылығы артқан көпшілігі өзге өңірлерде борышын өтеген соң келісім-шартпен әрі қарай жұмыс істеп жатыр. Қазір өмірден өз орнын тауып, ел қорғайтын жауынгерге айналған. Міне, еңбек.

Сарбаздар жауынгерлік шеберліктің барлық қырын үйренеді. Қарудың түр-түрін ағудан бөлек, күрек пен пышақты лақтыруға да машықтанады. Ұрыс даласында сарбаздың қолында не болса, соның барлығы қару саналатынын білмейтін жұрт жақсы білері анық. Мұнда физикалық дене еңбегінен бөлек, айла-тәсілдер, ойлау логикасына байланысты да сабақтар өткізіледі.

Әркімнің кейінге қалдырған ізі болуы керек. Біз майдан көрдік. Ал жастарға ел басына күн туа қалса, не істеу керектігін көрсетуіміз керек. Айтылар сын да болуы шарт, бірақ арқадан қағуды да ұмытпау керек. Кеңлі толмайтындыра бір-ақ нәрсе айтамын: сынау – оңай, ал түзетуіге аталысу – ең қиын нәрсе. Ешкім батыр болып тумайды, батыр болып қалыптасады, – дейді Қ.Баймаханов.

Осы жерге келген 18 жасқа дейінгілер мерзімді әскери қызметке шақырылғандармен бірге жөнелтіледі. Ұлттық Ұлан гвардиясына, Мемлекеттік күзетке, Қарулы күштер қатарына бөлінеді. Олардың да өзіндік талаптары бар. Облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменттің мерзімді әскери қызметке, әскерге шақыру бөлімінің бастығы

1-бет



Нұржан Мелдбеков бүгінгі сарбаздардың көзі ашық, көкірегі ояу екенін айтты. Өйткені, олардың барлығы дерлік – «елім, жерім, Отаным» деп аттанған ұлтжанды азаматтар.

– Менің есімде қармақшылық Сырым Әділбек деген азамат қалып қойды. Әскерге аттануға құлшынысын көрсеніз, риза болдым. Білімді жігіт екен. Бүгінде Алматы облысында шекара қызметінде Отан алдындағы борышын өтеп жүр. Бізде осындай жігіттер бар. Жай ғана бар емес, көп. Отан қоса, әскерге қабылдайтындар біздің жігіттерге қызығады. Кез келген өңірдің климатына төзімді. Өзгелер әскерден қашып жатқанда, біздің жерлестеріміз өздері сұранып жатады. Бұл – әрине, мақтанарлық жағдай. Біз бір жылда 1600 азаматты әскерге аттандырамыз. Енді жыл аяғына дейін күзгі шақырудың 800 адамын жөнелтеміз, – дейді Н.Мелдбеков.

Расында, кейінгі жылдары Қарулы күштердің басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың қатарын толықтыруға ниеттенген жастардың саны өскен. Отан мемлекеттен де қолдау шаралары тұрақты жүзеге асып келеді. Өткен жолы журналистермен жүздескен облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Медет Усаин бұл реттегі атқарылған жұмыстармен бөліскен еді.

– Биыл өңірде әскери міндетті атқару шеңберінде бюджеттен 200 млн теңге бөлінді. Бұл қаражат дәрігер мамандардың еңбекақысына, әскерге шақырылушыларды тасымалдауға, облыстық, қалалық және аудандық шақыру пункттерін күтіп ұстауға, сондай-ақ, жетіспейтін медициналық материалдық-техникалық құралдар мен шығыс материалдарын сатып алуға, үш мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етуге жұмсалады. Осы күні медициналық комиссиялар білікті дәрігер мамандармен, медициналық құралдармен толық қамтылды, – делі еді.

Уақытында әскерге бара алмағандарға ақылы түрде жауынгерлік шеберлікке шыңдалуға мүмкіндік бар. Бұл да әскери-техникалық мектептің базасында ұйымдастырылады. Қайреддин Баймахановтың айтуынша, қырық күндік ақылы әскери міндетті өтеушілерге басты талап 24 жастан асу керек. Оларды оқытудың бағдарламасы күшейтілген. Бір жылдық әскери міндетті шаралардың барлығын 40 күнге сыйдырған. Десе де, олар бұдан кейін әскери қызметке бара алады. Бір ерекшелігі сонда.

Мәселен, Еркебұлан Құтымбай Жаңақорған ауданына қарасты Түткіскен елді мекенінен келді. Курсант 26 жаста. Бүгінде ол әскери-техникалық мектепте тәрбиеленіп жүр.

– Шынын айту керек, алғашында маған жұмысқа тұруға әскери билет қажет болды. Сол үшін келгенмін. Бірақ мұнда келген соң ойым өзгерді. Елімді, жерімді, Отанымды жаудан қорғау үшін аянбай тер төгуге бекіндім. Әскери өмір қызықтыра бастады. Уақытында әскерге бармағаным үшін өкіндім әрі ұялдым. Әскери резервті дайындауда атқаш мамандығы бойынша тәжірибе жинақтап жатырмын, – дейді ол.

Облыс орталығының тұрғыны Абай Қалабаев та дәл осындай пікірін білдірді. Астана қаласында жұмыс істейтін ол 24 жаста.

– Уақытында баруға ынталандым. Бірақ көру қабылетімің төмендігінен медициналық тексеруден өтпей қалдым. Арада жылдар өткенде басқа қызметке ауысатын болдым. Бірақ ол жерде әскери билетін болуы міндетті. Сондықтан осында келдім. Қайреддин ұстазымыз бізге нағыз ұлтжанды қазақтың қандай болатынын көрсетті. Біз елдік мүддеге жұмылып, жауынгерлік шеберлікті шындап жатырмыз, – дейді А.Қалабаев.

Олардың әрбір күні – жарыс. Тіпті әскери мектеп директорының орынбасары да қастарында жас баладай шынығып жүреді. Сайыпқырандардың сапта тұрғанының өзі жарасымды. Тек жарасым қана тұрған жоқ, білекті әрі жүректі жігіттердің ел намысын қашанда қорғаймыз деген ұрандарының өзі құйқанды шымырлатып жібереді.

Таюда ғана ант қабылдау рәсімі өтті. Сол жерде қазақтың қара домалағы антты орысша қабылдапты. Негізінде мұндай ресми шараны үзуге болмайды. Бірақ Қайреддин Баймаханов кілт тоқтапты. «Отан саған керек болмаса, ешкімге керек емес. Сен соны қорғау үшін келіп тұрсың. Алда-жалда ел басына күн туса алдыңғы шепте жүретін сарбазсың. Ал сенің мынауың не? Ана тілің қайда? Қазақ болсаң, қазақ тілінде қабылда!» деп талап қойыпты. Міне, бұл жерде тек білекті, жүректі болуға ғана емес, ұлттыңды құрметтеуге, ана тілінді қастерлеуге де үйретеді. Бұл жерде қазақтың байлығы дүние емес, ұлттың, елің, жерің екенін санаға сіңіреді. Бәрекелді!

Суреттерді түсірген  
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



## Простатит, аденома, зәр шығарудың бұзылуы, эректильді бұзылыстар... БІР-БІРІМЕН БАЙЛАНЫСЫ НЕДЕ?

Ер адам ағзасының құрылымы бойынша көптеген еркектер ерте ме, кеш пе созылмалы простатитпен немесе простата аденомасымен ауырады. Бұл екі дерт әртүрлі себептерден пайда болады, бірақ екеуі де ағзада бір-біріне ұқсас белгілерді береді, ол зәр шығарудың бұзылуы, жайсыздық және әртүрлі ауыртайшылық және де жыныстық қызметтің бұзылуы.

Оның қандай себептен болатынын талқыласақ,

Созылмалы простатит кіші жамбас аймағындағы тоқырау құбылыстары әсерінен кез келген жаста пайда болуы мүмкін, отан аз қозғалатын өмір салты, салқындатып алу, зиянды әдеттер және т.б. себеп болады. Қабаның простата бөлімі көлемін арттырып, уретралды және ұрық жолдарын қысады осының нәтижесінде зәр шығару бұзылып, ауру сезімдері, эректильді өзгерістер пайда болады.

Простата аденомасы, бұл дерт көбінесе 50 жастан асқан еркектерде кездеседі. Қуықасты безінің қатерсіз ісігі гормоналды фонның бұзылуынан және тестостерон (негізгі еркектік гормон) гормоны бөлінуінің азаюынан түзіледі.

Мұнда да ісіген қуықасты безі простатиттегі сияқты уретралды және ұрық жолдарын қысады, осыдан зәр шығарудың бұзылуы пен әртүрлі ауру белгілері пайда болады. Ал тестостеронның төмен деңгейі, еркектік қабілеттілікті нашарлатады.

Өз кезегінде, егер зәр шығару бұзылса, қалдық зәр – зәр шығару жүйесіндегі басқа органдарда жаңадан қабыну процестерін туғындайды. Көбінесе егде жастағы еркектерде, простатит және простата аденомасы симптомдары ұқсас немесе симптомсыз бірдей жүреді, көпшілік бұл екі дертті біреу деп қабылдап, өз жағдайының қауіптілігін түсінбейді. Дертпен аспіреген органдарда бас радиациялар саны артып, ол қатерлі ісікке дейін апаруы мүмкін.

Ұлыбританиялық ғалымдар тарапынан жасалған коллоидті ерітінді «Мастер Мен» америкалық коллоид AD «Medicine Limited» зауытында шығарылады. «Мастер Мен» қуықасты

безі мен зәр шығару жүйесінің жұмысын кешенді түрде қалыпта келтіреді.

Препарат қуықасты безіндегі, неспеп қалтағы және уретралды каналдағы қабынды басыды. Зәр шығаруды дұрыстайды, неспеп қалтаның ікемділігін арттырады, сондай-ақ гормондардың фонды дұрыстайды, еркектік гормондардың бөлінуі қалыпқа келгенде, эрекция жақсарып және де аденоманың өсуі тежеледі.

«Мастер Мен» еуропалық стандарт GMP тарапынан расталған, отандық және халықаралық сертификаттандырылған және әлемнің ең үздік мамандарымен ұсынылған.

Негізгі әсер етуші заттар: препарат құрамына химиялық құрауыштар кірмейді.

Мөлшері және қолдану тәсілі: қабылдау ұзақтығы 3 аптадан бастап.

Қарсы көрсетілімдері: жеке құрауыштарының сәйкес келмейді, ұйқысыздық, жүректегі қозудың артуы.

Назар аударыңыз, тиімді науқан жүруде!

«Мастер Мен»-нің 2 қорына тапсырыс бергенде -20 % жеңілдік, ал 4 қорына -40 % жеңілдік жүруде.

-40%

Науқан бойынша тауарлар саны шектелуі. Қазақстанның кез келген нүктесіне жеткізу бір күн ішінде.



БАД, дәрілік зат болып табылмайды

«Мастер Мен» жөніндегі толығырақ ақпаратты алу мен тапсырыс беру үшін 8 705 926 18 00 (көп арналы) телефон нөмірінен немесе master-man.kz сайтынан ала аласыз.

## ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

## Жоғын іздеп жол қараған



Қазақ өлеңінің ақ отауына айтары бар тағы бір талант келіп қосылды. Ол – жерлесіміз Биболат Сәтжан.

Жақында жас ақынның «Жолқараған» деп аталатын тұңғыш жыр жинағы жарық көрді.

Биболат өлеңдерінен албырттық пен шалқыған шабыттың шырайы көзге ұрады. Алайда, жалаң сезім, сырғақ сөз емес, жатық ой, жалынды құат бар. Таным талғамы ерен, поэзияға тән парасаттылық пен пайымды тең ұстайды. Бабадан қалған мирас – ұлт тілінің құнарын бойға жиган.

Мін іздесең Табу оңай, мінсіз кім?! Мән іздесең, мәнсіз күнім –

жырсыз күн.

Сен айтарың жоқ болған соң көпірдің,

Мен айтарым көп болған соң үнсізбін.

Тамып түскен шық түстес таң нұрынан, Жол қараған жанарым талды мына. Еріп кетер секілді бұл жүрегім, Келер күздің майбүркек жанбырында!..

Алыс шамға жарық емес, қараңғы Шақырады! Тез кірлесе жағанның Бар жазығы – ақ болғаны. Дегенмен, Ақтығыңнан ағармайды көлкенкең.

Төрт аяғын тең басып найақалатын осындай шумдақтар тылсымына тартып, биігіне көз талдыртып қаратады.

Өткен жылдың күз айында аңыз ақын Әділ Ботпановтың шығармашылығына арналып өткізілген республикалық мүшәйрада Биболат Сәтжан бас байге иеленген еді. Осы шараның өтуіне бас болған руханият жанашыры Аманжол Сақыпұлы сол кезде өз есебінен Биболаттың кітабын басыпдан шығарып беремін деген болатын. Араға пандемия түсіп, сәл кешіккен кітап бүгін жырәуірер жұртшылыққа жетіп отыр.

Ал, ағайын, елдің үнін, ердің мұңын жоқтаймын деп жол қарап жүрген дарынды жерлесімізге даңадай өрлік, да-ладай кеңдік тілейік.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,  
«Сыр бойы»

## Донорлықты дәстүрге айналдырған

Қызылорда гарнизонының 50-ге жуық әскери қызметшісі донорлық қан тапсырды. Шара санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен нормаларды сақтай отырып ұйымдастырылды.



Әскери қызметшілер қан тапсыру алдында тексеруден өтті, атап айтқанда қажетті құжаттар мен сауалнамаларды толтырып, қан орталығының дәрігерлерімен әңгімелесулер жүргізді. Дәрігерлер әскерилерге донор болудың артықшылықтарын және моральлық тұрғыда маңыздылығын түсіндірді. Әскерилерден шамамен 25 литр қан жиналды.

«Мұндай қайырымдылық шараларына дайынбыз. Қан тапсырудың адам денсаулығына пайдасы бар екенін де естіп жүрміз. Мен үшін әріптестерімнің осындай қайырымдылыққа қол ұшын созып, қатысып жатқаны өте қуантады. Жақсы істеріміз көп болсын» дейді аға сержант Бексұлтан Жаксымбетов.

Тапсырылған донорлық қан аймақтық ауруханалардағы ауыр науқастар, апаттардан зардап шеккендер және

сұғыл медициналық көмек көрсету кезіндегі қызметтер үшін пайдаланылады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде әскерилердің донор ретінде қан тапсыруы дәстүрге айналған. «Облыстың барлық аумағындағы медициналық мекемелерде қанмен қамтамасыз ететін қан орталығынан сұраныс түседі. Осы әскери бөлім қанға мұқтаж жандарға көмек ретінде іс-шаралар ұйымдастырып тұрады. Қан орталығы ұжымының атынан қолдау көрсеткен әскери бөлім басшысына және әскери қызметшілерге алғысымызды білдіреміз» дейді облыстық қан орталығының дәрігері Гауһар Ғалымжанқызы.

Мұхит ҚОНАРОВ,  
сержант,  
Қызылорда гарнизоны  
баспасөз қызметінің  
бастығы

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі  
**СЫРМЕДИА**

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
**Аманжол ОҒАРБАЕВ**

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

https://twitter.com/syrboyi

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyikz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.